

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ
11-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
ПӘНДЕРІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ
АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫС ПЕН МАТЕРИАЛДАР**

**ТАҢДАУ
ПӘНДЕРІ**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТАҢДАУ
ПӘНДЕР ТОБЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
ПӘНДЕРІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТЕСТ
ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

Бұл спецификация жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептердің 11-сынып оқушыларының қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша білім, білік, дағдыларын бағалау үшін пайдаланылатын тест тапсырмаларының мазмұнына, көлеміне, түріне, нысанына, бағалау өлшемдеріне және өткізу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

I. Жалпы қағидаттар

Бағалаудың мақсаты – 11-сынып оқушыларының қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша білім, білік, дағдыларын іс жүзіндегі бағдарламаларда белгіленген оқу мақсаттары негізінде кешенді бағалау. Осы бағалау нәтижелері бойынша 11-сыныптар үшін қорытынды мемлекеттік аттестаттауда қабылданған шешімдердің негізді (жарамды) болуын қамтамасыз ету мақсатында бағалауда негізділік, сенімділік, әділдік және ашықтық қағидалары қамтамасыз етіледі.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрінің 2008 жылғы 4 марттағы “Жалпы орта білім алатындардың қорытынды мемлекеттік аттестаттау туралы ережені бекіту туралы” 56-санды бұйрығымен бекітілген, “Жалпы орта білім алатындардың қорытынды мемлекеттік аттестаттау туралы ереже”.

2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен 5-11-сыныптарға арналған іс жүзіндегі оқу бағдарлама.

3. Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрінің 2026 жылғы 16 марттағы “2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім беру мекемелерінде оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және оны өткізу туралы” 102-санды бұйрығы.

III. Бағалау көлемі және бөлінген уақыт

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқушылардың білім деңгейін анықтауға арналған қорытынды мемлекеттік аттестаттау сынағына жалпы 25 тест тапсырмасы ұсынылады.

1-бөлім: 22 қысқа жауапты (13 қазақ тілі, 9 әдебиет) тапсырмадан құралған. Онда жауап бір сан, бас әріппен жазылған жауап көрінісінде берілуі қажет.

2-бөлім: Кеңейтілген жауапты 3 (2 қазақ тілі, 1 әдебиет) тапсырманы өз ішіне алады, берілген тапсырмаға негізді дәлелдермен толық және шығармашылық ой жүргізіп, жазбаша жауап береді.

Әрбір емтихан вариантының сұрақтары мен тапсырмалары пәндік салаларға бөлінген және жалпы білім беретін мектептердің айтылу және емле, пунктуация, стилистика, лингвистикалық талдау, мәтінді түсіну, сондай-ақ ұлттық, әлем әдебиеті және әдебиет теориясы сияқты мазмұндық салаларын қамтиды. Ұсыныста білу, қолданудың және пайымдаудың танымдық әрекеттеріне байланысты тапсырмаларды бағалау өлшемдері берілген.

Әрбір вариантта оқушыға 25 сұрақ (15 қазақ тілі, 10 әдебиет) беріледі. Сұрақтардың 5-і (3 қазақ тілі, 2 әдебиет) білуге, 15-і (9 қазақ тілі, 6 әдебиет) қолдануға, 5-і (3 қазақ тілі, 2 әдебиет) пайымдауға қатысты.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау сынақтарын өткізуге бөлінген уақыт – 180 минут.

IV. Тест тапсырмаларын құрастыруда пайдаланылатын мәтіндерге қойылатын талаптар

Р/С	Мәтіндер	Мазмұндық талаптар	Көлемге қойылатын талаптар
1	Ғылыми-эмбебап мәтін	Академиялық стильде жазылған, белгілі салаға арналған, кең аудиторияға (маман болмаған) көзделген, графикалық элементтерді де өз ішіне алған ғылыми-эмбебап мәтін (тест тапсырушы үшін бейтаныс, оқулықтарға енгізілмеген)	350-500 сөз
2	Көркем мәтін (проза, драма)	Қазақ тілінде жазылған (немесе аударылған) көркем мәтін (прозалық немесе драмалық шығармадан үзінді) (тест тапсырушыға таныс емес, қазіргі оқулықтарға енген)	500-600 сөз

V. Тест тапсырмаларының түрлері бойынша бөлінуі

Тапсырма түрі	Түсіндіру	Тапсырма саны
Қысқа жауапты ашық тест (О1)	Сұраққа қысқа сөйлеммен жауап беруді қажет ететін жазбаша тапсырмалар	10
Көп таңдаулы жабық тест (Y1)	Сұрақтың мазмұнына сәйкес келетін жауап варианттарының ішінен дұрыс жауапты	12

	табуды талап ететін жабық тест тапсырмалары.	
Кеңейтілген жауапты ашық тест (ОЗ)	Сұраққа толық жауап жазуды талап ететін жазбаша тапсырмалар	3

VI. Танымдық дағдылар және бөліктер бойынша бөлу

Білу (Б)		Қолдану (Қ)		Пайымдау (П)		Жалпы балл
саны	балл	саны	балл	қысқа жауапты 1-бөлім	кеңейтілген 2-бөлім	
Қазақ тілі						
				1	2	100 балл
3	4 балдан (12 балл)	9	6 балдан (54 балл)	8 балл	13 балдан (26 балл)	
Әдебиет						
2	8 балдан (16 балл)	6	9 балдан (54 балл)	1	1	100 балл
				14 балл	16 балл	

Когнитивті деңгей	Түсіндіру	Тесттер саны
Білу (Б)	Білу дәрежесіндегі, яғни репродуктивті тапсырмалар оқушыдан пән туралы теориялық мәліметтерді, терминдерді, ережелерді, ұғымдарды есте сақтауды және олардың мазмұнын, мақсатын мен қолданылуын түсінуді талап етеді.	5
Қолдану (Қ)	Қолдану деңгейіндегі немесе өнімді тапсырмалар оқушыдан білімді, түсініктерді және үдерістерді жаңа (бейтаныс) контексте қолдануды талап етеді.	15
Пайымдау (П)	Пайымдау деңгейіндегі, яғни факттерді, дәлелдерді, пікірлерді салыстыру, талдау, болжау және қорытынды(лар) жасау.	5

VII. Бағаланатын мазмұндық сала білім, дағды, компетенциялар, тапсырма түрі, танымдық үдеріс және бағалау өлшемдері.

Мазмұндық сала	Сұрақтың реттік саны	Конструкторлар	Тапсырма түрі	Когнитивті деңгей	Бағалау өлшемі
ҚАЗАҚ ТІЛІ			1-басқыш (қысқа жауапты)		
Дыбыстау және емле	1	<i>әріптер, негіз және қосымшалардың айтылуы мен емлесін білу және пайдалана алу</i>	Ү1	Б	4 балл

	2	<i>бас әріптер емлесі мен жазу ережелерін білу және пайдалана алу, қосып, ажыратып, сызықшамен жазу ережелерін білу және пайдалана алу</i>	Ү1	Қ	6 балл
	3	<i>фонетикалық өзгерістер (дыбыстың көтерілуі, алмасуы және түсуін) ажырата алу</i>	О1	Қ	6 балл
Пунктуация	4	<i>жазбаша сөйлеуде тыныс белгілерін (сұрақ, леп белгісі, көп нүкте; үтір, тире, екі нүкте; нүктелі үтір, жақша, қос тырнақ) дұрыс қолдана білу;</i>	Ү1	Қ	6 балл
Стилистика	5	<i>сөздердің контекстегі мағынасы мен қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану</i>	О1	Қ	6 балл
	6	<i>берілген жағдайға сай сөйлеу үлгілерін таңдау</i>	Ү1	Қ	6 балл
Лингвистикалық талдау	7	<i>мәтінді қазақ әдеби тілі фонетикалық өлшемдері негізінде талдау</i>	О1	Б	4 балл
	8	<i>мәтінді қазақ әдеби тілі лексикалық өлшемдері негізінде талдау</i>	О1	Қ	6 балл
	9	<i>мәтінді қазақ әдеби тілі морфемикалық өлшемдері негізінде талдау</i>	Ү1	Қ	6 балл
	10	<i>мәтінді қазақ әдеби тілі синтаксистік өлшемдері негізінде талдау</i>	О1	Қ	6 балл
Ғылыми-әмбебап мәтінді оқып түсіну	11	<i>мәтін мазмұнына сай мәліметті анықтау</i>	Ү1	Б	4 балл
	12	<i>мәтін бөліктері арасындағы мағыналық байланыстарды түсіну</i>	О1	Қ	6 балл
	13	<i>мәтіндегі факт және пікірлерді анықтау</i>	Ү1	П	8 балл
		2-басқыш (кеңейтілген)			
	14	<i>мәліметтерді жалпылау және себеп пен салдарды анықтау</i>	О3	П	13 балл
	15	<i>мәтіннің мақсатына сай шешім ұсына білу</i>	О3	П	13 балл
Жалпы					100 балл
ӘДЕБИЕТ			1-басқыш (қысқа жауапты)		
Ұлттық әдебиет	16	<i>жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін түсіну, талдау және бағалау</i>	О1	Б	8 балл

	17	<i>жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген қазақ классикалық әдебиеті үлгілерін түсіну</i>	Ү1	Қ	9 балл
	18	<i>қазіргі әдебиет үлгілері туралы дұрыс пікірлерін анықтау</i>	О1	Қ	9 балл
Әлем әдебиеті	19	<i>жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген әлем әдебиеті тарихында маңызды орын алатын эпикалық, лирикалық және драмалық шығармалар туралы пікірлерді анықтау</i>	О1	Қ	9 балл
Классикалық лирикалық талдау	20	<i>классикалық мәтінде қолданылатын көркемдік құралдарды анықтау</i>	О1	Қ	9 балл
Көркем мәтінді (проза, драма) талдау	21	<i>мәтін мазмұнына сәйкес тақырыпты таңдай алу</i>	Ү1	Б	8 балл
	22	<i>мәтіннен алынған үзінді бойынша образдарға түсінік беру</i>	Ү1	Қ	9 балл
	23	<i>мәтін хронологиясын, реттілігін анықтау</i>	Ү1	Қ	9 балл
	24	<i>мәтіннің жалпы мазмұнына сүйене отырып ой қорыту</i>	Ү1	П	14 балл
	2-басқыш (кеңейтілген)				
	25	<i>ашық айтылмаған ойлар мен идеяларды түсіну және болжау</i>	О3	П	16 балл
Жалпы					100 балл

VIII. Балды бағаға айналдыру тәртібі

Балл (%)	Баға	Түсіндіру
0 – 29	“2”	“қанағаттанарсыз”
30 – 65	“3”	“қанағаттанарлы”
66 – 85	“4”	“жақсы”
86 – 100	“5”	“үлгілі”

IX. Тестілеу үдерісіне қойылатын талаптар

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде ұялы телефондар, ақылды сағаттар, планшет немесе электрондық жазбалардан пайдалануға тыйым салынады.

Тәртіп-ереже: нұсқа көшіру, көмек сұрау немесе көмектесу, емтихан барысында сөйлесу, рұқсатсыз шығу сынды жағдайларға тыйым салынады.

Бақылаушы ереже бұзғандарды анықтаған кезде оны ресімдейді, үміткерді

тестілеуден шеттетеді және нәтиже жойылады.

Х. Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

Қазақ тілі

1. Қазақ тілі, 5-сынып. У.Байқабылов, Г.Нишанова, М.Темірбаева. Ташкент. «Өзбекстан», 2020.
2. Қазақ тілі, 6-сынып. У.А.Байқабылов, Д.Дүйсебаева, А.Ж. Үмбетова, Г.А.Нишанов. Ташкент – 2022.
3. Қазақ тілі, 7-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Б.Темірбаев. Ташкент – 2022.
4. Қазақ тілі, 8-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, М.Темірбаева. Ташкент. «Өзбекстан», 2019.
5. Қазақ тілі, 9-сынып. С.Аманжолов, Ә.Хасенов, И.Ұйықбаев, Д.Айтбаев, Е.Айманов. Ташкент. «Өзбекстан», 2019.
6. Қазақ тілі, 10-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Ж.Әбдираймова. Ташкент– 2022.
7. Қазақ тілі, 11-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Р.Мырзахмедова, Б.Уразов. Ташкент– 2018.

Әдебиет

1. Әдебиет, 5-сынып, С.Досымбетова, А.Тәжібаева, А.Үмбетова. Ташкент. «Өзбекстан», 2024.
2. Әдебиет, 6-сынып. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева, С.Досымбетова, А.Бектаев. «Өзбекстан», 2022.
3. Әдебиет, 7-сынып. Қ.Сейданов, Қ.Башаров, Б.Сайфуллаев, Б.Юсупов. Ташкент – 2022.
4. Әдебиет, 8-сынып Н.Абдувалитов, Б.Юсупов. Ташкент — 2025.
5. Әдебиет, 9-сынып. Б.Оразов, С.Досымбетова, Ғ.Рахымбаев. Ташкент 2025.
6. Әдебиет, 10-сынып. Қ.Сейданов, А.Бектаев, Т.Ахметов. Ташкент, «Өзбекстан», 2022.
7. Әдебиет, 11-сынып. Қ.Сейданов, Ө.Байқабылов, Г.Айтбаева. Ташкент – 2018.

Қазақ тілі

1-СҰРАҚ

1. (Білу – 4 балл) Емле тұрғысынан дұрыс жазылған сөздердің реттік нөмірін жаз.

1. Жанжағына.
2. Тоқсан.
3. Шапағат.
4. Экономика.
5. Инфаркт.
6. Асфалд.
7. Жомарттық.
8. Барғға.
9. Муражат.
10. Табиғи

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2. (Білу – 4 балл) Емле тұрғысынан дұрыс жазылған сөздердің реттік нөмірін жаз.

1. Шаңғы.
2. Қару-жарақ.
3. Инвестиция.
4. Қойноу.
5. Еңке-тенке.
6. Элде-күнде.
7. Араз-қураз.
8. Кемпір-шал.
9. Қоқыстан.
10. Буршақ.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

3. (Білу – 4 балл) Емле тұрғысынан дұрыс жазылған сөздердің реттік нөмірін жаз.

1. Қауышу.
2. Қабылдағыш.
3. Бала-шаға.
4. Астын-үстін.
5. Бесжылдық.
6. Жоқ-жітік.
7. Сәлем-сауқат.
8. Өз-ара.
9. Ток сары.
10. Саиран.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4. (Білу – 4 балл) Емле тұрғысынан дұрыс жазылған сөздердің реттік нөмірін жаз.

1. Орынбасар.
2. Тектен-тек.
3. Каңырау.
4. Әбден-ақ.
5. Дардаи.
6. Фотоаппарат.
7. Түннен таңға дейін.
8. Гаухар.
9. Барабар.
10. Мазмун.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

5. (Білу – 4 балл) Емле тұрғысынан дұрыс жазылған сөздердің реттік нөмірін жаз.

1. Бейқам.
2. Жал-қуйрық.
3. Абад.
4. Зиалы.
5. Бесіг тербетер.
6. Субелі.
7. Шабіт.
8. Қазықұрт.
9. Бейтарап.
10. Біресе.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

6. (Білу – 4 балл) Емле тұрғысынан дұрыс жазылған сөздердің реттік нөмірін жаз.

2-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қолданумен байланысты қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дерді) анықта.

1. Біздің қалада күн-сайын жаңадан-жаңа үйлер салына бастады.
2. Мақал-мәтелдер — терең ойды үш-төрт сөзбен жеткізетін құрал.
3. Атам мереке-сайын бізге көп сыйлықтар беретін.
4. Анамның «эй-эй» деп айқайлауына қарамастан, жүгіріп кеттім.
5. Руханият адамның мінез-құлқынан көрінуі керек.
6. Мұғалім өз ойын ашықтан-ашық айтып, ештеңені жасырмады.
7. Парасаттылық пен адамгершілік әрқашан өз-ара сай келеді.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

2. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Көктем шыға сала ауыл-аймақ көкке оранып, ерекше түрге енді.
2. Жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпарлар жиналды.
3. Ол өзінің ескі-құсқы киімдерін жинастырып, қоймаға алып кетті.
4. Биылғы жылы егін өнімі өткен жылғымен салыстырғанда екі-есе көп болды.
5. Мектеп ауласындағы балалардың айқай-шуы көшеден анық естіліп тұрды.
6. Қонақтар келе жатқан соң, үй-ішін тез-арада ретке келтіру керек еді.
7. Алыстан таудың биік-биік шыңдары көз тартады.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

3. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Биыл біздің мектептің 50-жылдық мерейтойы жоғары деңгейде атап өтілді.
2. Ол бүгінгі жиынға барар-бармасын әлі нақты шешкен жоқ.
3. Ойын балаларының жүгірумен күні қалай өткенін-де байқамай қалдық.
4. Көршінің кішкентай қызы өте ақылды-ақ, бірақ сәл ұяңдау екен.
5. Дүкеннен нан-пән, сүт-мүт алып келуді мүлдем ұмытып кетіппін.
6. Біздің сынып оқушылары 1-мамыр мерекесінде саябаққа серуендеуге шықты.
7. Асан мектептен келе-сала сабағына дайындалуға кірісті.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

4. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Жиналысқа он-он бес шақты адам қатысып, маңызды мәселелерді талқылады.
2. Біздің мектепте оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі жолға қойылған.
3. Ол жарысқа қатысу үшін күні-түні тынбай дайындалды.
4. Қара-ала сиыр шалғында жайылып, маңайына бейжай қарап тұр.
5. Ата-аналар жиналысы келесі аптаның бесінші-күніне жоспарланды.
6. Оның мінезіндегі қызба-лылық кейде айналасындағыларға кедергі келтіреді.
7. Биылғы жаз айында ауа-райы өте-ыстық әрі құрғақ болды.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

5. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Студенттер биылғы практикадан өту үшін ҚР-ның Білім министрлігіне хат жолдады.
2. «Абай жолы» роман-эпопеясы — қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындысы.
3. Ол өзінің жұмыс кестесін сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін деп бекітіп алған.
4. Көшедегі жарнама тақтасында «сапалы-өнім, арзан-баға» деген жазу тұр.
5. Біздің үйдің маңында үлкен сауда-саттық орталығы ашылғалы жатыр.
6. Ол кешегі болған оқиғаны айтты-мыс, бірақ оған ешкім сене қоймады.
7. Жазғы демалыста біз ата-әжеміздің ауылына барып, демалып қайттық.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

6. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Биылғы «Алтын күз» мерекесіне орай мектепте салтанатты-жиын өтті.
2. Көршінің баласы биыл он-екі жасқа толса да, әлі де кіп-кішкентай болып көрінеді.
3. Ол өзінің ескі-құсқы заттарын реттеп, шатырдың астына жинап қойды.
4. Біздің топтағы студенттердің бәрі-де емтиханды сәтті тапсырып шықты.
5. Дүкен сөрелерінде қызыл-сары, жасыл-көк түсті жемістер тізіліп тұр.
6. Оның бұл айтқандары шындық-ау, бірақ сену-сенбеуімізді білмей дал болдық.
7. Жарысқа қатысушылар 150-метрлік қашықтықты бағындыруы тиіс еді.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

7. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Аула ішіндегі балалардың мәре-сәре болып ойнап жүргені көңіл қуантады.
2. Ол бүгін үстіне қап-қара костюм киіп, ерекше сымбатты болып кетіпті.
3. Біздің ауылдың маңынан Іле-өзені ағып өтеді, суы өте салқын.
4. Кенеттен аспан бұлттанып, жаңбыр сарт-сұрт етіп жауа бастады.
5. Биылғы «Екі-мың жиырма алтыншы» жыл біз үшін табысты болады деп сенеміз.
6. Ол маған жалт-жалт қарап, бірдеңе айтқысы келгендей ымдады.
7. Асан мен Үсен мектепке барар-жолда қызықты оқиғаға тап болды.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

8. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Жиналысқа елу-алпыс шақты делегат қатысып, маңызды шешімдер қабылдады.
2. Біздің мектепте әр-кім өз міндетін жақсы біледі және оны жауапкершілікпен атқарады.
3. Ол бүгінгі жарыста екінші-орынды иеленіп, күміс медаль алды.
4. Көшедегі адамдардың бірі-біріне деген құрметі мен ілтипаты ерекше байқалады.
5. Биылғы «Наурыз» мерекесінде ауыл-аймақ болып үлкен той жасалды.
6. Ол келе-жатқан қонақтарды қарсы алу үшін қақпаның алдына шықты.
7. Маған осы кітаптың екі-үш бетін оқып беруіңді өтінемін.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

9. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Күз келіп, ағаш жапырақтары сап-сары түске еніп, жерге түсе бастады.
2. Біздің мектепте 11-сынып оқушылары үшін соңғы қоңырау салтанаты өтті.
3. Ол бүгінгі жиналысқа кешігіп келді-ау, бірақ себебін ешкімге айтпады.
4. Дүкендегі жеміс-жидектердің бағасы өткен аймен салыстырғанда арзандапты.
5. Қала шетіндегі жаңа-үйлердің құрылысы тез арада аяқталуы тиіс.
6. Оның мінезіндегі қысық-көзділік емес, ақкөңілділік барлығына ұнайтын.
7. Биылғы жарысқа 5-6 шақты команда қатысып, бақтарын сынады.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

10. (Қолдану – 6 балл) Сызықша (дефис) қойылуында қате жіберілМЕГЕН сөйлем(дер)ді анықта.

1. Жас-өспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау маңызды іс.

2. Сабақтан соң досым екеуіміз біраз-кемпір-біраз-шал болып қалжыңдастық.
3. Ол өзінің көріп-білгенін айна-қатесіз қағазға түсіріп отырды.
4. Қонақтарға шай-пай беріп, жылы шыраймен шығарып салдық.
5. Мектептің 10-қабатынан қаланың көрінісі алақандағыдай көрінеді.
6. Ол кешеден бері еш-кімге айтпай, өз бетімен жұмыс істеп жүр.
7. Біздің мекенжайымыз: Абай даңғылы, 45-үй, 12-пәтер.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--	--

3-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

*Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!*

Жауабы:

2. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

*Қанаттанып өмірге ұшарымда,
Кесілмесін бәрібір тұсауым да.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Сәбиі жоқ Ананың құшағында.*

Жауабы:

3. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

*«Күнде жиын, күнде той, күнде думай,
Көк аспанға барамын күнде тумай.
Менің де бір күнімді берсеңші, Алла,
Пенделердің пейілін күнде қумай».*

Жауабы:

4. Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Жауабы:

5. Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Өуре етеді ішіне қулық сақтап.

Жауабы:

6. Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы.
Бітпейді ішімде,
Ғашықтық жарасы.

Жауабы:

7. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?*

Жауабы:

8. Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

Қалың ағаш жапырағы

*Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.*

Жауабы:

9. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

*«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз».*

Жауабы:

10. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі фонетикалық құбылыстардың (дыбыс алмасуы, түсімі, үстеуі) санын анықта.

*«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды».*

Жауабы:

4-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Қозоқбой Юлдашев: (1) «Кітап оқымаған адамның көңілі су ішпеген, (2) суға шөлдеп жатқан далаға ұқсайды; (3) Мұндай далада ештеңе өнбейді», (4) — (5) дейді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

2. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Меніңше, (1) Шәкәрім ес білгеннен-ақ тауға назары түскен – (2) таумен бірге жүрген, (3) таумен тыныстаған... (4) Осы рухани негіз; (5) оның өлеңдеріне көшіп, көркем бейнеге айналған және жанды таулар бейнесі туған.

Жауабы:

--	--	--	--	--

3. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Бақытты болғың келсе, (1) бағың жанғанда да — (2) дос-жаран арттыр: (3) теңіз толып тасыса да — (4) өзен суына мұқтаж. (5)

Жауабы:

--	--	--	--	--

4. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

— Тартпаларыңызға тимей — (1) әмияныңызды алып кеткен болса, (2) бұл — (3) тоғайдан шыққан ұрылардың ісі; (4) — (5) деді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

5. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Адамзат тарихы бұл — (1) әрқайсымызға байланысты болатын; (2) өздігімізді көрсететін, (3) біздің алыс шежіремізді, (4) нәсіл-нәсебімізді, адамдық қадір-қасиетімізді белгілейтін қастерлі де қасиетті шындық. (5)

Жауабы:

--	--	--	--	--

6. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Қанатбек көзін ашып қараса? (1) үлкен бір қала көзіне көрінді. (2) Өзендер аққан, (3) көрген адамдардың ақылы сасқан, (4) ішінде кемелер құрттай қимылдап, жан-жаққа (5) кетіп бара жатыр.

Жауабы:

--	--	--	--	--

7. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Жаңа басшы сыналмаған аттың сыртынан өтіп, (1) абыройын түсіргісі келмеді! (2) секілді, (3) шайтанға дес бермей; (4) ашуын ішіне жұтты. (5)

Жауабы:

--	--	--	--	--

8. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Оқудың түрі көп — (1) бірі ермек үшін оқиды, (2) бірі демалу үшін; (3) бірі оқып жатқан кітабын ғылыми талдау үшін, (4) енді бірі басқа айналысатын ісі болмаған

соң уақыт өткізу үшін, ал бірі шығарма кейіпкерінің тағдырына қызыққандықтан оқиды. (5)

Жауабы:

9. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

Ескендір Зұлқарнайын, (1) «Дүниедегі ең шынайы, (2) тура өлшем — нәпсі өлшемі; (3) бұл таразыда ешқандай кемшілік жоқ», (4) — (5) деген екен.

Жауабы:

10. (Қолдану – 6 балл) Жақшаға алынған қай нөмір(лер)дегі тыныс белгісі ҚАТЕ қойылған?

«Енді әрқашан үй иесінің сөзіне құлақ асатын бол! (1) — (2) деді Бибіханым келінге, (3) — (4) Айтқандарын сөзсіз орындайсың». (5)

Жауабы:

5-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Оның ұзын сөзінен бәріміз шаршадық.
- B) Футболға алаңдап, берілген тапсырманы орындауды ұмытыппын.
- C) Мәселенің түпкі мәнін түсіну керек, сонда шешім табылады.
- D) Патша тағына отырған соң әділдік туын биік көтеруге ант берді.

Жауабы:

2. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Түн ортасында шаңғы шағып келе жатқан кейіпкердің көз алдында жарқыраған ай сәулесі жалт-жұлт етіп, барлық үйдің шатырларын ерекше әсемдікке бөлеп тұрды.
- B) Қаланың шетінде тұрған ескі кітапханаға кіргенде, оның иісі мен тынысы адамға ерекше бір әсер берді.
- C) Көріністі көрген соң, ол қатты таңырқап, көзін жұмып ойға шомды.
- D) Айналасына қарап, таңғалудың орнына сәл-бәл ұялып, бірақ қатты абдырап кетті.

Жауабы:

3. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

A) Жазғы таңның алғашқы сәулесі орманның арасына еніп, әр жапырақта алтын түсті ұсақ дақтар пайда болды.

B) Көлдің бетінде тыныштық орнағанымен, судағы балықтар су бетіне шықпай, үздіксіз қозғалыс жасап тұрды.

C) Адамдар сыпайы да салмақты сөйлесіп жатқанымен, кейбірі үнсіздіктен абдырап қалғандай көрінді.

D) Ол хатты оқып шыққан соң, ұзақ ойланып, ойларын сөзбен жеткізе алмай қалды.

Жауабы:

4. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

A) Кітаптың әр бетін ақтарған сайын, оның тарихтағы оқиғаларға деген қызығушылығы одан сайын арта түсті.

B) Мектептің ескі залында өткен жиын кезінде, кейбір оқушылар қызыққандай емес, керісінше абдырап, не істерін білмей тұрды.

C) Сыныптағы достарымен бірге әңгімелесіп отырып, ол өз ойын ашық әрі нақты жеткізді.

D) Жазушының кейіпкері әрқашан әділдік пен адалдық жолында күрескенді ұнататын.

Жауабы:

5. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

A) Тау етегінде орналасқан шағын ауылдағы үйлер бір-бірімен үйлесіп, ерекше бейнелі көрініс жасады.

B) Қар жауған соң, даладағы қояндар мен түлкілер әртүрлі бағытқа сасқалақтап кетті.

C) Ағаштардың арасынан қарап, ол табиғаттың тыныштығын сезініп, ішкі тыныштық тапты.

D) Ол қатты таңырқап, үнсіз қалды, бірақ көңілінде шаттық сезімі бәрінен бұрын басым болды.

Жауабы:

6. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Келесі сабаққа дайындық барысында, ол жазбаларын қайта қарап, барлығын толық түсінгенін тексерді.
- B) Ауылдағы ескі ағаш көпірден өтіп бара жатып, ол қатты қиналып, жүрегі дүрс-дүрс соқты.
- C) Достарының күлкісі мен әзілін көріп, ол көңілін көтеріп, біртүрлі сезімге бөленді.
- D) Кітаптағы ақпаратты есте сақтап, кейінгі сынаққа толық дайын болуды жоспарлады.

Жауабы:

7. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Шығыс елдерінің сәулет өнерін көріп, ол таңғажайыпқа бөленді.
- B) Кітапханада отырған оқушы, жаңа шыққан романның алғашқы беттерін оқып, қызығушылығын жоғалтпай жүрді.
- C) Ол ұзақ ойланып, сөзін айтуға кіріспей қалды, бірақ көңілі тыныш болды.
- D) Көшедегі шу мен адамдардың ағыл-тегілі бір-біріне үйлесіп кеткендей көрінді.

Жауабы:

8. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Ол өз достарымен бірге саябақта отырып, күзгі жапырақтардың сырын тыңдайтын сияқты сезінді.
- B) Жаңбырдан кейінгі ауаның иісі мен желдің сыбырлауы оның көңілін көтерді.
- C) Көрініске қарап таңырқап, бірақ ойларын жеткізе алмай қалды.
- D) Сабақтан соң ол үйге оралып, үй тапсырмасын тиянақты орындады.

Жауабы:

9. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Аспан ашық, жұлдыздар жарқырап, тыныштық орнаған түні ол ұзақ ойланып отырды.
- B) Кітапты оқи отырып, ол кейіпкердің тағдырын терең түсінуге тырысты.
- C) Табиғат көрінісіне қарап, жүрегі толқып, ішкі бір шаттықты сезді.
- D) Достарымен бірге серуендеп жүргенде, ол қатты сасқалақтап қалды.

Жауабы:

10. (Қолдану – 6 балл) Төмендегі сөйлемдердің қайсысында сөз стильдік тұрғыдан дұрыс қолданылмағанын тап.

- A) Шатырдан қарап, ол қалаға төңкерілгендей жаңа бір әлем ашылғанын сезді.
- B) Ол ұзақ ойланып, жүрегі бір уақытта шаттық пен қорқынышқа толды.
- C) Ағаштардың көлеңкесінде ойнаған балалар көңілін көтеріп, күлкіге бөленді.
- D) Кітаптағы кейіпкердің шешімін көріп, оны түсініп, кейде таңғалумен отырды.

Жауабы:

6-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Көркем әдебиет стиліне тән сөйлемдерді анықта.

- 1. Күн ұясына батып бара жатты, көкжиек қызыл түске боялып, табиғат күндізгі шуағымен қоштасқандай бір мұңды, қоңыр күйге енді.
- 2. Фонетикалық жүйедегі өзгерістер уақыт өте келе тілдің дыбыстау нормаларына әсер етеді, бұл процестерді ғылыми негізде зерттеу тіл білімінің маңызды саласы болып табылады.
- 3. Осы шешім негізінде мекеме қызметін одан әрі жетілдіру және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеу белгіленді.
- 4. Жеңіл самал жел ағаш жапырақтарын аялай тербетіп, олардың сыбдыры көңіл түкпіріндегі ең нәзік сезімдерді оятқандай, айналаға ерекше тыныштық сыйлады.
- 5. Сөзжасам процесі тілдің ішкі мүмкіндіктері негізінде жүзеге асып, онда жұрнақтар арқылы жаңа мағыналы бірліктердің жасалуы байқалады.

Жауабы:

--	--	--	--	--

2. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы ғылыми стильге тән екенін анықта.

- 1. Зерттеушілер жүргізген көпжылдық бақылаулар нәтижесінде белгілі болды, экожүйедегі әрбір биотикалық компоненттің өзгерісі басқа компоненттердің тіршілік әрекетіне айтарлықтай әсер етеді және бұл өзара байланыстарды сандық тұрғыдан талдау экология ғылымында маңызды орын алады.

2. Қалалық басқарма қызметкерлері барлық мекемелерге жаңа құжаттарды рәсімдеу ережелерін жеткізді, оның ішінде өтініштерді қабылдау, электрондық жүйеде тіркеу және есеп беру тәртібі нақты көрсетілген.

3. Күн батып бара жатқанда теңіз жағалауындағы алтын сәулелер мен толқындардың жарықпен ойнаған көрінісі, қалықтаған құстардың сыбдырымен үйлесіп, табиғаттың әсемдігін көрсетеді.

4. Эксперимент барысында алынған деректер статистикалық бағдарламалармен өңделіп, әр айнаымалы арасындағы байланыс анықталып, нәтижелер ғылыми мақалаларда жариялануға дайындалды.

5. Ербол мақаласында қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді ашық сипаттап, оқырманға ой салуға және пікірталас туғызуға бағытталған мәтіндер қолданды.

Жауабы:

--	--	--	--	--

3. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы ресми-іс қағаздар стиліне тән екенін анықта.

1. Қала әкімдігі барлық мекемелерге жаңа еңбек тәртібі ережелерін жеткізіп, олардың сақталуын бақылауды міндеттеді.

2. Таңғы серуенде орман жолымен жүріп келе жатқан адамдар құстардың сыбдыры мен желдің сыңғырын тамашалады.

3. Мекеме қызметкерлері жиналыс хаттамасын дайындап, қатысушылардың қол қоюымен бекітті.

4. Ғалымдар өткізген тәжірибе нәтижесінде жаңа қорытындылар жасап, олардың ғылыми маңызын атап көрсетті.

5. Журналист әлеуметтік желідегі пікірлер мен оқырмандардың реакцияларын назарға ала отырып, тақырыпты ашық әрі қызықты сипаттады.

Жауабы:

--	--	--	--	--

4. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы ауызекі сөйлеу стиліне тән екенін анықта.

1. Елде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталғандықтан ерекше маңызға ие.

2. Ұстаз, кешіріңіз, үй тапсырмасын толық орындап шығара алмадым, кейбір жерлерін түсінбей қалдым, сондықтан қайта түсіндіріп берсеңіз жақсы болар еді.

3. Күн батып бара жатқан кезде теңіз жағалауындағы алтын түсті сәулелер мен толқындардың жарықпен ойнаған көрінісі, қалықтаған құстардың сыбдырымен үйлесіп, табиғаттың таңғажайып әсемдігін көрсететін ерекше әсер қалдырды.

4. Қоғамдағы жастардың білім алуға деген ынтасы мен заманауи технологияларды меңгеруге қызығушылығы елдің дамуы үшін маңызды фактор ретінде мойындалуда.

5. Кеттік, бүгін біраз серуендеп қайтайық, ашық айтсам, үйде отырып тым зеріктім, таза ауада демалып, сергіп қайтсақ дұрыс болар еді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

5. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы публицистикалық стильге тән екенін анықта.

1. Таңертеңгі ауа райы сергітетіндей таза және салқын болды, ал бақшада құстардың әні тыныштық сыйлады.

2. Көрерменнің көз алдында актерлердің әр қозғалысы мен эмоциясы ерекше әсер қалдырды, кейіпкерлердің сезімдері бір-бірімен тығыз байланыста болды.

3. Қоғамның дамуы үшін жаңа жобалар әзірленіп, олардың іске асырылуына жауапты тұлғалар бекітілді.

4. Заманауи ақпарат кеңістігінде дұрыс және сенімді хабарға қол жеткізу әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, бұл қоғамның жалпы дамуына әсер етеді.

5. Жастарды азаматтық сана мен патриоттық сезімге тәрбиелеу, олардың моральдық құндылықтарды қадірлеуін қалыптастыру – әр мемлекеттің басым бағыты болып қала береді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

6. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы ресми-іс қағаздар стиліне тән екенін анықта.

1. Оның көзқарасында бүкіл әлем жасырын еді — қуаныш та, сағыныш та бір-біріне араласып кетті.

2. Қабылданған ереже бүгіннен бастап күшіне енеді және оның орындалуы ұйымның бақылауында тұрақты түрде жүзеге асырылады.

3. Жауапты бөлім қызметкерлеріне нақты нұсқаулар беріліп, олардың әрқайсысы өз міндетін орындауға жауапты деп бекітілді, сондықтан барлық жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

4. Қыздардың кешкі сахнадағы қойылымы көрерменнің көңілін көтеріп, әр кейіпкердің эмоциясы айқын сезілді.

5. Ғалымдардың жүргізген зерттеулері нәтижесінде белгілі болды, бұл процесс бірнеше күрделі кезеңнен тұрады және әр кезең бір-бірімен тығыз байланыста орындалады.

Жауабы:

--	--	--	--	--

7. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы ғылыми стильге тән екенін анықта.

1. Таңғы ормандағы жапырақтардағы тамшының шағылысы күн сәулесімен бірге ерекше көрініс жасады.

2. Биологиялық тәжірибе нәтижесінде өсімдіктің өсу қарқысы қоректік заттардың концентрациясына байланысты өзгертінді анықталды.

3. Компания барлық қызметкерлерге жаңа жұмыс тәртібі жөнінде хабарлама жіберіп, оның сақталуын қадағалауды міндеттеді.

4. Жер қыртысының қозғалысын зерттеу барысында сейсмикалық белсенділік пен тектоникалық плиталардың байланысы ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

5. Көрермендер театр сахнасындағы кейіпкерлердің әрекеттері мен эмоцияларына тәнті болды, олардың кейбірі ашық күлкі, кейбірі толғаныс тудырды.

Жауабы:

--	--	--	--	--

8. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы ауызекі сөйлеу стиліне тән екенін анықта.

1. Сен кеше дүкенге барып көрдің бе, әлде үйде отырдың ба, қалай болды, бәрі ойлағандай болды ма?

2. Бүгінгі күні мектептегі жаңа тәртіпке сәйкес барлық оқушылар сабаққа уақытында келіп, үй тапсырмасын орындауға міндетті.

3. Қарашы, бүгін ауа қандай тамаша, күн шуақты, жел біршама сергітетіндей, шығайық та біраз серуендеп қайтайық, таза ауада демалған жөн сияқты.

4. Ғалымдардың жүргізген тәжірибелері бойынша, бұл процесс бірнеше күрделі кезеңнен тұрады, әр кезең өзара тығыз байланыста орындалады және нәтижесі бақылау арқылы дәлелденеді.

5. Мекеме барлық қызметкерлерге жаңа ішкі нұсқаулар беріп, олардың орындалуын қадағалауды міндеттеді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

9. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемдердің қайсысы публицистикалық стильге тән екенін анықта.

1. Елдегі жаңа әлеуметтік бағдарламалар халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталып, әр отбасыға нақты пайда әкеледі.
2. Таңертеңгі жел ағаштардың арасынан сыбырлап өтіп, құстардың әуенімен үйлесіп, ерекше көрініс сыйлады.
3. Жастарға арналған жаңа бағдарлама қоғамдағы патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді.
4. Ғалымдардың жүргізген тәжірибелері көрсеткендей, заттың көлемі температураға байланысты өзгереді.
5. Көрермен сахнадағы кейіпкерлердің эмоциясына тәнті болды, олардың сезімдері бір-бірімен үйлесімді өрбіді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

10. (Қолдану – 6 балл) Көркем әдебиет стиліне тән сөйлемдерді анықта.

1. Тау етегінде орналасқан ауылдың үйлері көкжиекпен үйлесіп, таңертеңгі сәулелер әр үйді ерекше әсемдікпен бояй көрінді.
2. Зерттеу барысында алынған мәліметтер статистикалық түрде өңделді.
3. Құжаттарды рәсімдеу кезінде барлық талаптар сақталды.
4. Студенттердің нәтижелері электрондық жүйеде тіркелді.
5. Кітапты оқып отырып, ол кейіпкердің шешімдеріне таңғалумен қатар, ішкі сезімдерін бақылауға тырысты.

Жауабы:

--	--	--	--	--

7- СҰРАҚ

1. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек ұяң және үнді дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Екі басылымда да алғысөз орнына автордың арнайы мәлімдемесі бар.

Жауабы:

--

2. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек қатаң дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Жаздың қоңыр кешінде әдемі әуенмен демалу жанға жайлы еді.

Жауабы:

3. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек қатаң дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Көк шөптің арасында кішкентай тиін сақ-сақ етіп секіріп жүр.

Жауабы:

4. (Білу – 4 балл) Сөйлемдегі тек үнді дауыссыздардан тұратын сөздерді анықта.

Арман мен Нұрлан ауылдың маңындағы иірімнен молынан балық аулады.

Жауабы:

5. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек ұяң және үнді дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Биылғы жаздың мамыражай күндері ауылдағы ағайынға мол қуаныш сыйлады.

Жауабы:

6. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек қатаң дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Кітап — көп нәрсені түсіндіріп, ішкі сырды ашатын күшті сезім.

Жауабы:

7. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек ұяң және үнді дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Биылғы күздің қоңыр желі ауылдағы бау-бақшаны әдемі күйге ендірді.

Жауабы:

8. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек қатаң дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Кіші інісі түскі ас ішіп, кітапханадан тамаша кітап тапты.

Жауабы:

9. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек ұяң және үнді дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Биылғы күзде ауылдағы ағайын бау-бақшадан мол өнім жинады.

Жауабы:

10. (Білу – 4 балл) Төмендегі сөйлемде тек қатаң дауыссыздардан тұратын сөздер санын анықта.

Кіші інісі түскі ас ішіп, кітапханадан кітап сатып апты.

Жауабы:

8-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

Кеше аста көрінбедіңіз, саяхатқа кетіп пе едіңіз?

- A) Мағына ауыспаған
- B) Метонимия
- C) Синекдоха
- D) Метафора

Жауабы:

2. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

Бүкіл сынып орнынан тұрды.

- A) Метафора
- B) Метонимия
- C) Синекдоха
- D) Кейіптеу

Жауабы:

3. (Қолдану – 6 балл) Берілген үзіндідегі көркемдегіш құралдардың тізбегін анықта.

Тау — алып бір тұлға, бұлты — ақ бас қалағы, өзені — күміс таспа болып иіріледі.

- A) Метафора, Метафора, Метафора
- B) Теңеу, Метонимия, Кейіптеу
- C) Кейіптеу, Синекдоха, Теңеу
- D) Метонимия, Метафора, Эпитет

Жауабы:

4. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

Адамзат жаратылғалы бері сирек әрі жалпыадамзаттық идеяларға толы шығармалар ғасырлар бойы өлмейді, мәңгілік қазынаға айналады.

- A) Метонимия
- B) Синекдоха
- C) Метафора
- D) Литота

Жауабы:

5. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

Күз келді де, даланың алтын шашын желмен бірге ұшырып әкетті.

- A) Метафора
- B) Метонимия
- C) Синекдоха
- D) Кейіптеу

Жауабы:

6. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

Даланың сары алтыны қамбаға құйылды, дикандардың маңдай тері өтелді.

- A) Метонимия
- B) Синекдоха
- C) Метафора
- D) Кейіптеу

Жауабы:

7. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

Кешегі кеште бүкіл қала ұйықтамады.

- A) Метонимия
- B) Синекдоха
- C) Метафора
- D) Кейіптеу

Жауабы:

8. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемде қолданылған негізгі көркемдегіш құралды анықта.

3. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Күлкі.
2. Терең.
3. Жазылым.
4. Іздеуші.
5. Сұлулық.
6. Бояу.
7. Тыныш.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

4. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Оқушы.
2. Үлкен.
3. Сатушы.
4. Жүру.
5. Көрсеткіш.
6. Қызыл.
7. Достық.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

5. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Көрініс.
2. Әдемі.
3. Бастау.
4. Сезімтал.
5. Жинақ.
6. Ойнақы.
7. Жетістік.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

6. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Көруші.
2. Ақылды.
3. Жетекші.
4. Қалың.
5. Сөйлесу.
6. Тереңдік.
7. Жинаушы.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

7. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Білгір.
2. Келісім.
3. Тыныштық.
4. Оқырман.
5. Күлгін.
6. Айтушы.
7. Жақсылық.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

8. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Түсінік.
2. Биіктік.
3. Жүгіріс.
4. Сөзгіш.
5. Қараңғы.
6. Жазба.
7. Ойлау.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

9. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Басшы.
2. Көркем.
3. Сатылым.
4. Тыныс.
5. Жүріс.
6. Әдемілік.
7. Жаңару.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

10. (Қолдану – 6 балл) Негізі етістіктен жасалған туынды сөздердің реттік санын көрсет.

1. Ізденіс. 2. Салмақ. 3. Оқытушы. 4. Көрініс 5. Жылдам. 6. Бөлшек. 7. Сезіну.

Жауабы:

--	--	--	--	--	--	--

10-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Қызметшілерден лифтіні қосып беруді өтінді, бірақ одан ешқандай нәтиже шықпады.

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем.
3. Аралас құрмалас сөйлем.
4. Жай сөйлем.

Жауабы:

--

2. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Абайдың «Қара сөздері» — терең пәлсапалық ойлар мен адамгершілік қағидалары жинақталған құнды мұра.

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем.
3. Жайылма жай сөйлем.
4. Жақсыз сөйлем.

Жауабы:

--

3. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

1. Ыңғайлас салалас құрмалас.
2. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас.
3. Қарсылықты салалас құрмалас.
4. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас.

Жауабы:

4. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Бір мезгілде қу шөмшектер дыбысы келді де, бірдеме қасына тасырлатып жетіп келді.

1. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас.
2. Қарсылықты салалас құрмалас.
3. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас.
4. Ыңғайлас салалас құрмалас.

Жауабы:

5. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әке-шешесінің дауыстары үздіксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөздерінің аяқталмай тоқталғаны аңдалады.

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем.
3. Аралас құрмалас сөйлем.
4. Жай сөйлем.

Жауабы:

6. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Бірде желбіреген ақ сәулелі дала кездеседі, кейде қызыл бұйра тобылғылы адырлар ұшырасады, біресе көкала қамысты көлдер кездеседі.

1. Ыңғайлас салалас құрмалас.
2. Кезектес салалас құрмалас.
3. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас.
4. Талғаулы салалас құрмалас.

Жауабы:

7. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Май құйған шам сөнсе де, Шамшырақ сөнбес дүниеде.

1. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас.
2. Қарсылықты салалас құрмалас.
3. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас.
4. Қарсылықты сабақтас құрмалас.

Жауабы:

8. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Бұл оқиға дәл осы күндердің өзінде тыным алмай, ұзын құлақ арқылы тамам Тобықтыны шарлап шықты. Шындықтың бетін ашпайынша, жарғақ құлағы жастыққа тимеді.

1. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас.
2. Қарсылықты салалас құрмалас.
3. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас.
4. Қарсылықты сабақтас құрмалас.

Жауабы:

9. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді — ат етпетінен түсті.

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем.
3. Аралас құрмалас сөйлем.
4. Жай сөйлем.

Жауабы:

10. (Қолдану – 6 балл) Берілген сөйлемнің құрылысына қарай түрін анықтап, дұрыс жауаптың нөмірін көрсет.

Егер жаңбыр жауса, ертеңге жорық.

1. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас.
2. Қарсылықты салалас құрмалас.
3. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас.
4. Біңғайлас салалас құрмалас.

Жауабы:

11-15-СҰРАҚТАР

1-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

ҒАЖАЙЫПТЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

I

Нұрата ауданы Науаи өңірінде орналасқан. Бұл өлкеде Нұр қамалы, оның қорғаныс қабырғалары мен Чилустун ескерткіштері бүгінге дейін сақталып жеткен. Нұратаға жолыңыз түссе, осы тарихи орындар жайлы сұрап, танысып шығуды ұмытпаңыз. Ал мен сізге Нұратадағы киелі бұлақ пен ондағы балықтар туралы сыр шерткім келеді.

Бұл бұлақ өзінің тылсым құпиясымен көпке мәлім. Оның мөлдір суы күн сәулесіне шағылысып, көз қарықтырардай жарқырайды. Мұның сыры — су құрамындағы фосфорда болса керек. Бұлақ суы жер қойнауынан мыңдаған шақырым тереңдіктен бұрқ етіп шығады. Тағы бір таңғаларлығы — суы қысы-жазы бірқалыпты, шамамен 19,5 градус жылы күйінде сақталады. Сол себепті ол ешқашан қатпайды. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, құрамында алтын элементтері бар бұл су талай дертке шипа саналады. Сондықтан да бүгінгі күні бұл қасиетті бұлақтан су алып кететін зияратшылар мен шетелдік қонақтардың қарасы көп.

II

Бұлақтағы балықтар да ерекше әсер қалдырады. Олар шамамен он жеті жылдай өмір сүреді. Тіршілік бойы бұлақтан тарайтын ұсақ арналарының түбін құмнан тазартып, судың бірқалыпты ағуына жағдай жасайды, тіпті табиғи сүзгі іспетті қызмет атқарады. Бір қызығы, бұл балықтарға ешкім жем бермейді. Олар су құрамындағы табиғи қорекпен-ақ күнелтеді. Сол себепті бұрынғы жұрт оларды «әулие балықтар» деп құрметтеген.

Алайда бұл балықтарды тағамға пайдалануға болмайды. Себебі олардың ішіндегі уылдырығы зиянды саналады. Егер оны тазаламай жесе, адамның

терісінде түрлі дақтар пайда болуы мүмкін. Ал шамадан тыс тұтыну тіпті ауыр салдарға әкелуі ықтимал. Аңызға сүйенсек, бір кездері елге басып кірген жаулаушылар жергілікті халықтың ескертуіне құлақ аспай, осы «әулие балықтарды» аулап жеген екен. Соның салдарынан түрлі келеңсіз жағдайларға тап болған деседі.

III

Қазіргі таңда бұл қасиетті мекен көркейтіліп, абаттандырылған. Айналасына жасыл желекті саябақтар, әсем субұрқақтар мен гүлзарлар салынған. Құпияға толы Нұрата бұлағына шетелдік туристер де, өз еліміздің азаматтары да үздіксіз келіп тұрады. Сіз де мүмкіндігіңіз болса, осы бір ғажайып мекенге арнайы барып көріңіз. Жылдың қай мезгілінде барсаңыз да, бірқалыпты жылылығын сақтап, қыстың қақаған аязында да қатпай ағатын бұл бұлақ — нағыз табиғаттың кереметі. Мұның бәрін өз көзіңмен көргенге не жетсін!

11. (Білу – 4 балл) Мәтінде берілген ақпаратқа сәйкес келетін жауап(тар)ды анықта.

- A) Бұлақ суының тазалығында «әулие балықтардың» маңызы зор.
- B) Балықтардың «әулие балық» деп аталу себебі — олар арқылы бал ашу.
- C) Бұлақ суын көп мөлшерде ішу тері ауруларына себеп болады.
- D) Нұрата қасиетті жер болғандықтан, жаулаушылар басып кіре алмаған.
- E) Қыста да қатпайтын бұл бұлақ суы өте ерекше қасиетке ие.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланысқа назар аудар және қай бөлікте қайталанған ой бар екенін анықта.

- A) III бөлімде қайталанған
- B) II бөлімде қайталанған
- C) I бөлімде қайталанған
- D) Ой қайталанбаған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Осы мәтіннен келтірілген сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Бұлақ суы ешқашан қатып қалмайды, әрдайым $19,5^{\circ}\text{C}$ жылы болады.
2. Бұлақтың сырлы жер екендігі туралы халық арасында түрлі аңыздар тараған.
3. Балықтар орташа 17 жыл өмір сүреді және бұлақ суын тазалауға көмектеседі.
4. Балықтардағы зат улы болып есептеледі.
5. Балықтар судан алынатын қоректік заттармен қоректенеді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Елімізде туризмді дамыту, Нұрата зиярат орнына саяхатшыларды одан да көп тарту үшін 3 ұсыныс жаса. Ойыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

2-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

ТАШКЕНТТИҢ КӨНЕ ҚАҚПАЛАРЫ

I

Ежелгі әрі көне Ташкент қаласының тарихында қала қақпалары туралы мәліметтерді көптеп кездестіруге болады. Деректерге сүйенсек, IX–X ғасырларда қала орталығындағы базар аумағында бекініс салынған. Оның айналасы қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Уақыт өте келе қала кеңейіп, екінші қорғаныс қабырғасы тұрғызылды. Сыртқы жаулардан қорғану үшін кейінірек қаланың үшінші қорғаныс қабырғасы салынып, қақпалар орнатылды. Ташкент табиғи түрде орталықта орналасқан базар төңірегінен жан-жаққа қарай кеңейе берген.

II

Әр түрлі кезеңдерде қала қақпаларының саны әртүрлі болған. Мысалы, XVIII ғасырда 8 қақпа болса, XIX ғасырға қарай олардың саны 12-ге жеткен. Қала қақпаларының ішінде Лабзак, Қашқар, Қоқан, Қоймас сияқты қақпалар шығыс тараптан кейіннен қалаға қосылған бөлігіне салынған, кейбірінің орны ауыстырылған. Қала қақпалары күн батып, қараңғы түскенде жабылып, таңертең ерте сапар басталғанша ешкім қалаға кіргізілмеген және ешкім қаладан шыға алмаған. Қақпалардың үстінде арнайы қарауылханалар мен дабыл қағатын даңғыралар сақталатын бөлмелер болған. Қауіп-қатер сезілгенде даңғыралар соғылып, халыққа хабар берілген.

III

12 қақпаның барлығы да үлкен жолдың бойында салынған. Қақпалар мықты, қатты ағаш — тау аршасынан жасалып, бетіне нақышты өрнектер салынған. Әр қақпаның қос алқасы (тұтқасы) мен кілттері болған. Кілттер қақпашылардың қолында сақталған. Қақпашылар қақпаны таң ата ашып, күн батқанда жапқан. Түнде қалаға ешкім кіргізілмеген және ешкім қаладан шыға алмаған. Ұзақ жолдан шаршап келген керуендер қала қақпасының алдына тоқтап, жүктерін түсірген және қалаға кіру үшін құжаттандыру жұмыстарын жүргізген. Кеден салығын алу үшін зекетші тауардың көлеміне қарай салық жинаған. Барлық қақпалардың сыртқа шыға беріс аумағында зираттар болған, олардың басым бөлігі бүгінгі күнге дейін сақталған.

IV

Бүгінгі таңда Ташкенттің жалпы көрінісін жаңа көпқабатты тұрғын үй кешендері, қонақүйлер мен банк ғимараттары айшықтайды. «Ескі қала» да өзгерді, ол жердегі тарихи мәузелер (орамдар) орналасқан аумақтарда кең магистральдар мен көпқабатты ғимараттар бой көтере бастады. Дәуірлер өткен сайын қақпалар нышан ретінде қала орталықтарында сақталып қалды. Өкінішке орай, Ташкенттің көне қақпаларының бірде-бірі түпнұсқа қалпында сақталмаған. Сондықтан бүгінгі күні ғылыми зерттеулер негізінде бұрын болған Ташкенттің әйгілі бекініс қақпаларының бейнесін қайта қалпына келтіруге тырысудың маңызы зор.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

А) Ұзақ жолдан шаршап келген керуен қала қақпасының алдына тоқтап, жүктерін түсірген және қалаға кіру үшін құжаттандыру жұмыстарын жүргізген.

В) Қала төрт жағынан кірпіш қабырғамен қоршалған және 32 мұнаралы қақпасы болған.

С) Ташкентті негізгі 8 жол кесіп өткен және олар негізгі сауда жолдары болып есептелген.

Д) Ташкент көпестері Қытаймен сауда-саттықты жолға қойғандықтан, бұл жерден толассыз сауда керуендері өтіп тұрған.

Е) Қақпалардың үстіндегі арнайы қарауылханаларда қауіп-қатер сезілген уақытта даңғыралар соғылып, халыққа хабар берілген.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

А) IV бөлімде қайталанған

В) II бөлімде қайталанған

С) III бөлімде қайталанған

Д) I бөлімде қайталанған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Ташкенттің барлық 12 қақпасы да үлкен жолдың бойында салынған.

2. Қақпалар мықты, қатты ағаш — тау аршасынан жасалып, бетіне нақышты өрнектер салынған.

3. XIX ғасырда Ташкент қақпаларының саны 12-ге жеткен.

4. XVIII ғасырда қала қақпаларының саны 8 болған.

5. Ташкент табиғи түрде орталықта орналасқан базар төңірегінен жан-жаққа қарай кеңейе берген.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы:

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтін негізінде Ташкент қаласына саяхатшыларды тарту үшін 3 ұсыныс жаз. Ойыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

3-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

КЕРІ АЙТЫЛҒАН ДЫБЫСТАР

I

Балалық шағымнан ұмытылмас естелік болып, көңіл түкпіріне ұялаған қуанышты сәттердің бірі — үйімізге патефонның келуі еді. Ол патефоннан естіген әндерім әлі күнге құлағымнан кетпейді. Лүтфиханым Сарымсақованың нақышына келтіре айтқан «Катта ашула» әнін ұмытпаймын: *«Хулқи хуш йўқ сен каби жонона, айналсин қулинг»*. Ән дәл осылай айтылған еді. «Айлансин» емес, «айналсин қулинг»! Ферғанада «айналай» деген сөзді күнде естіп өскендіктен, маған ол оғаш естілмеді. Керісінше, Ташкентке келіп, әйелдердің «айланай» дегенін естігенде таңғалған едім. Кейінірек Фурқаттың сол ғазалын тауып оқығанымда тағы да қайран қалдым. Бұл сөз қазіргі емле ережесі бойынша «айлансин қулинг» түрінде жазылған. Бірақ қоқандық Фурқаттың өзі қалай жазды және негізінде қай нұсқасы дұрыс?

II

Огахидің бір ғазалы былай басталады: *«Жүзің ашқайсың, күн садақан болып басыңнан айлансын, Жаңа ай жүз тағзым етіп қасыңнан айлансын»*.

Классикалық поэзиямыздың асыл үлгісі болған бұл ғазалды көптеген халық әншілеріміз түрлі әуенмен орындаған. Ташкенттік Ориф Алимахсумов «айлансин» деп айтса, ферғаналық Алижон Еркаев «айналсин» түрінде орындаған. Ташкенттік әйелдердің «айланай» деуі де мені таңғалдырған еді. Тағы да сұрақ: қайсысы дұрыс? Біз түрлі диалектілерде түрліше айтамыз.

Бұхарада «айлонайын», Хорезмде «айнанайын», ал Ферғана аңғарында «айналай» делінеді. Негізінде қалай екенін Хазірет Науаидан сұраймыз. Жауабы былай: «*Мұзтариб көңілімде ол жүз қиялы айланур (айналады), Толқынды суда күн сәулесі қалайша шайқалар*».

III

Тілімізде осы тектес дыбыстары алмасқан сөздер көп. Алмасудың бір түрі — айтуға қиын болғандықтан, амалсыздан пайда болған. *Кифт, қулф, авф, бұйра, киприк* сөздері негізінде *китф, қуфл, афв, бұйро, киртик* болған. Жаңбыр (*йомғир*) негізінде «яғмур». Жауу (*яғмақ*), жауын (*ягин*) осы түбірден. Айтуға оңай болуы үшін «йомғирға» айналды. Топырақты (*тупроқ*) да ыңғайлы болсын деп «турпоқ» дейміз. Бірақ дыбыстардың, жазуда әріптердің көптеген алмасуы еріксіз, дәлірек айтқанда, сөзге немқұрайлылықтан болады. «Салтанат» есімінің «Санталатқа», «Мәриямханның» «Майрамханға», «Назрулланың» «Нарзуллаға» айналып кетуі бұған мысал болады. Сумалақты түркістандық өзбектер «суламақ» дейді.

IV

Тілімізде «өрглай» (айналайын мағынасында) деген сөз бар. Негізінде «өгрлай» болуы керек. Өйткені артымызға қарағанда біз «өгрлмейміз», «өгірілеміз» (бұрыламыз). «Айланиш» пен «өгрилиш» — мағыналас сөздер. Бірақ «өгрилиш» деуге тіл келмейді, сол себепті бұл сөз бір диалектіде «өрглиш», енді бірінде «өврлиш», «еврилиш» болып кеткен. «Оғрилиқ» (ұрлық) сөзі де солай. Ол да екі дыбыс орын алмасып, «оғирликке» айналды. Бұл қате. «Оғир» — дән-дүние үтетін ұзын ағаш келі. Оны «келі» деп те айтамыз. «Оғирлик» қылу — келінің міндетін атқару, түйю, жаншу дегенді білдіреді. Өкінішке орай, «оғирлик» сөзі сөздіктерімізге еніп, заңдасып кетті. Егер «оғрилиқты» (ұрлықты) «оғирлик» десек, онда «төғрилиқты» (туралықты) да «төғирлик» деуіміз керек болар еді.

Сіз бұл пікірге күмән келтіретініңіз анық. Дұрыс істейсіз. Күдік жоқ жерде — таным (ойлау) жоқ.

Еркін Вахидов

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтерді анықта.

- A) Сөздердегі дыбыстардың орын алмасуы оның мағынасына ешқандай әсер етпейді.
- B) Дыбыстардың алмасу құбылысы жалқы есімдер құрамындағы адам аттарында да кездескен.
- C) Әдебиетіміздің ірі өкілдері де кейбір сөздердің жазылуында қателіктер жіберген.
- D) Кейбір шет тілінен енген сөздердің айтылуы қиын болғандықтан, олардың сөйлеу тілінде өзгеруі байқалады.

Е) Өншілеріміз ғазалдарды орындау барысында кейбір сөздердің диалектілік нұсқаларын қолданған.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

- A) II бөлімде қайталанған
- B) I бөлімде қайталанған
- C) IV бөлімде қайталанған
- D) III бөлімде қайталанған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Кифт, қуф, авф, бұйра, киприк сөздері негізінде китф, қуфл, авв, бұйро, кирпич болған
2. Бұл сөз қазіргі емле ережесі бойынша «айлансин қулинг» түрінде жазылған.
3. Егер «оғриликты» (ұрлықты) «оғирлик» десек, онда «төғриликты» (туралықты) да «төғирлик» деуіміз керек болар еді.
4. Оғир — дән-дүние үтетін ұзын ағаш келі.
5. Сумалақты түркістандық өзбектер «суламақ» дейді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Ана тіліміздің тазалығын сақтау үшін қандай ұсыныс бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

4-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

ЕЛ ИЕСІЗ БОЛМАС, ТОН — ЖАҒАСЫЗ

I

Тон (шапан) — алды ашық, ұзын сыртқы киім. Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде бұл атаудың кездесуі оның ежелден бар екенін дәлелдейді. «Тон» сөзі түркі тілдерінде өте кең таралған киім атауы: татар тілінде — *тон*, түрік тілінде — *дон* (тон, етік, аяқ киім мағынасында), қырғыз тілінде әйелдердің жазғы сырт киімі дегенді білдіреді. Бұл сөздің әртүрлі киімдерге қатысты айтылуы оның алғашқыда жасалған материалына қарай аталғанын жорамалдауға негіз болады. Кейбір талдаулар «тон» сөзінің түпкі мағынасы «тері» болғанын көрсетеді.

II

Өзбек мәдениетінде тон — киімнің сыртынан киілетін, ішіне мақта салынып сырылған ұзын ұлттық киім, оның өзіндік ерекше құны бар. Өзбектердің көптеген салт-дәстүрлері мен рәсімдерінде, соның ішінде нәрестеге арналған бесік тойында әулеттің үлкендері сәбиге зерлі шапан кигізеді. Үйлену тойларында келін жағынан жіберілетін сый-сияпат (сарпо) ішінде міндетті түрде шапан болады. Ас беру немесе жоқтау рәсімдерінде қаралы үйдің ер адамдары шапан (тон) киеді. Осыдан байқайтынымыз, өзбек мәдениетінде шапан адам туғаннан бастап өмірінің соңына дейінгі барлық маңызды сәттерінде бірге болады.

III

Тонның жазда ыстықтан, қыста суықтан қорғайтын ең қолайлы сырт киім екені оның мәдениеттегі орнын бекемдей түседі. Жаға — тонның ең маңызды бөлігі саналады. Беқасамнан немесе басқа маталардан тон тігілгенде, оның жағасына мақта салмайды немесе басқа жерлеріне қарағанда өте жұқа мақта салып, майдалап, қайта-қайта сырып тігу арқылы жағаны қатырады. Осындай

көп өңделген тон жағасы өте төзімді келеді; киім тозып, әбден жыртылса да, жағасы бүтін қалады.

IV

Тон жағасының өте мықты болатыны және киім тозса да, жағаның бүтін қалатыны тегін емес. Мақалда тон жағасының осы қасиеті ел-жұртты басқаратын тәрбиелі, дені сау, білімді басшының болуымен шендестіріледі («Ел иесіз болмас, тон жағасыз» — елге басшы қандай қажет болса, тонға жаға сондай қажет). Мақал-мәтелдер — сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін, дәстүрі мен тарихын, ұлттық болмысын танытатын құнды мұра. Олардың тілі мен мазмұнын талдау — халықтың көзқарасын, құндылықтары мен мәдениетін зерттеудегі негізгі құрал саналады.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

- A) Өмір бойы бізге серік болатын тон жазда ыстықтан, қыста суықтан қорғайды.
- B) Көп сырылып тігілуі нәтижесінде тонның жағасы басқа бөліктеріне қарағанда өте мықты болады.
- C) Тек қаралы жиындарда ғана сол үйдің ер адамдары шапан (тон) киеді.
- D) Ұл балаға арналған бесік тойында баланың ата-анасына зерлі шапан сыйға тартылады.
- E) Түрлі маталардан тігілген тон етегінің артқы жағына әрқашан тігіншінің есімі жазылады.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

- A) II бөлімде қайталанған
- B) I бөлімде қайталанған
- C) IV бөлімде қайталанған
- D) III бөлімде қайталанған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Мақалдар сол тілде сөйлейтін халықтың өзіндік ерекшелігін танытады.
2. «Тон» сөзі түрік тілінде дон – тон, етік, аяқ киімі мағынасында қолданылады.
3. Тонның жаға бөлігі басқа бөліктеріне қарағанда өте мықты тігіледі.
4. Қырғыз тілінде «Тон» сөзі әйелдердің жазғы сырт киімі мағынасын білдіреді.
5. «Тон» сөзі Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде бар.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Ұлттық киімдерімізді бұдан да кеңінен насихаттау үшін қандай шаралар қолдану керек? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

5-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

Науаи «Хамсасы»

I

Шығыс классикалық әдебиетінің биік дәстүрі саналатын хамсашылдық (бестік жазу) ұлы әзірбайжан ақыны Низами Гәнжауиден басталып, Хысрау Дехлави, Абдурахман Жәми және Әлішер Науаи шығармаларымен жалғасын тапты.

«Хамса» — араб тілінен аударғанда «бестік» деген мағынаны білдіреді және бұл атау өзара тығыз байланыспен біріктірілген бес дастаннан тұратын жинаққа қатысты қолданылады. Науаидың «Хамсасы» өзіне дейінгілерден ерекшелігі — ол алғаш рет түркі тілінде дүниеге келді. Хамсашылдық дәстүріне сәйкес, Науаиға дейінгі барлық хамсалар парсы-тәжік тілінде жазылған болатын.

II

Науаи 1483 жылы «Хамса» жазуға кірісіп, екі жарым жыл ішінде, ізашарларынан өзгеше түрде, шығарманы алғаш рет түркі тілінде жазып бітірді. Ақынның дастандары тақырып аясының кеңдігімен және идеялық жағынан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. «Хайрат ул-аброр» (Жақсылардың қайраты) дастанында — үгіт-насихат, «Ләйлі мен Мәжнүн» және «Фархад пен Шырын» дастандарында — шынайы махаббат, «Сабъаи сайёр» (Жеті ғашық) дастанында — патшалық пен ғашықтықтың бір арнаға сыймайтындығы, «Садди Искандерий» (Ескендір қорғаны) дастанында — әділ патша идеясы алға тартылған.

Науаи өзіне дейін жазылған хамсалардағы кейбір дәстүрлерді өзгертті. Мәселен, «Фархад пен Шырын» дастанында Фархад бейнесін негізгі орынға шығарды (оған дейінгі шығармаларда Хысрау басты кейіпкер саналған). Науаи Фархад бейнесі арқылы кемел адам (камил инсон) туралы көзқарастарын паш етті.

III

Науаи «Хамсасының» өзіндік ерекшеліктерінің бірі — дастандарда ғылыми нышандардың кездесуі. Ғылым мен білімге бала күнінен қызыққан ақын «Фархад пен Шырында» — роботтар жүйесін зұлым күштердің қаруы ретінде, «Сабъаи сайёрда» — сағатына 35-45 км жылдамдықпен жүре алатын «Сариюс сайр» атты көлікті, «Садди Искандерийде» — Маллу әскеріне қарсы қолданылған құпия қаруды — атом бомбасын, сондай-ақ, Ескендірдің ғалымдарға шыныдан жәшік жасатып, су астындағы балықтардың өмірін зерттеуін — сүңгуір қайықтың қиялдағы сызбалары ретінде сипаттаған.

Егер Науаидың «Хамсада» алға тартқан барлық ғылыми болжамдары зерттелсе, ақынның нағыз ғалым әрі өнертапқыш екеніне ешқандай шүбә қалмайды.

IV

Науаи «Хамсасы» өте қысқа мерзімде жазылғанына қарамастан, дастандардың құрылымы өте мықты, оқиғалар жүйелі дамыған. Шығарма кейіпкерлерінің әрбір іс-әрекеті мен ішкі әлемінің әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан негізделуі таңғалдырады.

Науаи кейіпкерлері ғасырлар бойы талай ұрпақ үшін әдептілік пен адамгершіліктің, халықшылдық пен ерліктің үлгісі болатын жарқын көркем бейнелер болып қала береді. Ақынның бұл шоқтығы биік туындысы бес ғасырдан бері әлі ашылмаған тың өлке, қойнауына асыл тастар мен

жауһарларды жасырған құпия қазына іспеттес. Болашақ ұрпақ әлі талай жүздеген жылдар бойы осы қазынадан нәр алып, ондағы кейіпкерлердің өмірін өздеріне өнеге ететін болады.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

А) Абдурахман Жәмидің шығармасы бес емес, жеті дастаннан тұрып, «Хафт ауранг» деп аталған.

В) Науаидың «Хамса» шығармасындағы дастандардың кемел прозалық мәтіндері жасалып, кең таралыммен басып шығарылған.

С) Ескендір қорғанының салынуы «Хамсада» алға тартылған ғылыми жаңалықтардың бірі ретінде көрсетілген.

Д) Науаидың «Хамсасындағы» ондаған ғылыми өнертабыстар ақынның зерттеушілік қырынан хабар береді.

Е) Науаидың пайымдауынша, Хысрау әрі патша, әрі кемел адам – шынайы махаббат иесі бола алмайтын еді.

Жауабы:

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

А) III бөлімде қайталанған

В) IV бөлімде қайталанған

С) I бөлімде қайталанған

Д) II бөлімде қайталанған

Жауабы:

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Науаидың «Хамсасы» екі жарым жыл ішінде жазылған.

2. Науаи «Хамсасында» Фархад, басқа хамсаларда Хысрау басты кейіпкер саналады.

3. Науаи «Хамсасының» өзіндік ерекшеліктерінің бірі — дастандарда ғылыми нышандардың кездесуі.

4. Хамсашылдық дәстүрі ұлы әзірбайжан ақыны Низами Гәнжауиден басталған.

5. Науаи «Хамсаны» басқа хамсашылардан ерекше түрде түркі тілінде жазған.

Жауабы:

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.
Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Қатарластарыңның Науаи шығармаларына деген қызығушылығын арттыру үшін қандай практикалық ұсыныстар бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.
Жауабы: _____

6-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

КАЛТАМИНОР

I

Қазіргі таңда көне Хиуа шаһарын осы бір сәулет ескерткішінсіз елестету қиын. Калтаминор Хиуа қаласындағы Ишан қала аумағында орналасқан және қаланың нышандық белгісі ретінде танылған. Ол 1990 жылы ЮНЕСКО-ның

Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. 1996-1997 жылдары ескерткіш Хиуа қаласының 2500 жылдық мерейтойы қарсаңында жөндеуден өтті. XIX ғасырдың қайталанбас өрнектері мен жазулары қайта қалпына келтіріліп, бұл мұнаның айбынды бейнесін қайтарды. Оның көлемі мен бірегей әшекейлері адам баласын таңғалдырмай қоймайды.

II

Калтаминор Мұхаммед Әминхан медресесінің алдыңғы жағында орналасқан және кейде соның бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ол Өзбекстандағы ең биік ортағасырлық мұнаралардың ішінде 6-орында тұр. Мұнаның екінші қабатынан бастап медресемен жалғасатын көпірше арқылы жоғарыға көтерілуге болады. Ішінде жоғарыға апаратын ағаш баспалдақ бар, бұл баспалдақ жиі жөнделіп тұрған. Мұнаның іргетасы 15 метр тереңдікте жатыр, оның диаметрі — 14,5 метр, ал биіктігі — 29 метр. Мұнара қиық конус пішіндес. Құрылыстың біртіндеп тарылу қарқынына қарап, егер ол аяқталғанда биіктігі 100 метрге жетіп, Орта Азиядағы ең үлкен әрі ең биік мұнара болар еді деген қорытынды жасауға болады. Алайда мұнаның құрылысы соңына дейін жеткізілмей, алып әрі жұмбақ бөшкеге ұқсап қалып қойған. Соған байланысты ол «Калта минор» (Қолқа/қысқа мұнара) деп аталған.

III

Бұл — сыртқы беті түгелдей жылтыр мозаикамен және майоликамен қапталған жалғыз мұнара. Нақыштарында қою жасыл, көк және ақ түстер басым, кейбір өрнектері көгілдір (фируза) түсті. Күн сәулесі кез келген заттың түсін өзгертеді, яғни ағартады немесе солғын тарттырады. Бірақ бұл құбылыс мұнара бойында байқалмайды. Қаншама уақыт өтсе де, ол бейне бір кеше ғана салынғандай жаңа қалпында сақталып тұр. Мұнаның сыртқы қабырғаларында тек парсы тіліндегі әріптерден тұратын, кейіннен қалпына келтірілген жазулар бар. Мұнара құрылысы 1852 жылы басталып, биіктігі 29 метрге жеткенде кілт тоқтатылады. Хиуалық тарихшы әрі жазушы Огахидің жазуынша, құрылысқа бастамашы болған Мұхаммед Әминхан 1855 жылы Серахс маңындағы шайқаста қаза тапқандықтан, құрылыс аяқталмай қалған.

IV

Халық арасында Калтаминорға қатысты көптеген аңыздар айтылады. Солардың біріне сүйенсек, Хиуа ханы төбесіне шыққанда айбынды Бұхара шаһары көрініп тұратын орасан зор әрі биік мұнара тұрғызуды бұйырады. Бұдан хабардар болған Бұхара әмірі шеберлермен келісіп, Бұхарада да осындай мұнара тұрғызуды жоспарлайды. Мұны сезіп қойған Хиуа ханы мұнара біткеннен кейін шеберлерді мұнарадан лақтырып жіберуге бұйрық береді. Хан мұндай мұнаның басқа еш жерде қайталанғанын қаламаған еді. Шеберлер бұл туралы біліп қойып, ханның бұйрығын кірпішке жазып, жоғарыда жұмыс істеп жатқан Бас шеберге жеткізеді. Ол болса өлімнен құтылу үшін өзіне қанат жасап, ұшып кеткен деседі. Сол себепті мұнара соңына дейін салынбай қалған көрінеді.

Осылайша, бұл аңызға айналған мұнара әлі күнге дейін саяхатшылардың назарын өзіне баурап келеді.

1. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

А) Калтаминор салынғалы бері екі ғасырға жуық уақыт өтті.

В) Калтаминор — Жер шарындағы құрылысы аяқталмай қалған жалғыз ескерткіш.

С) Мұнара хиуалық ақын, тарихшы Мұхаммед Риза Огахидің басшылығымен салынған.

Д) Мұнараның құрылысы аяқталмағандықтан, оған «Калта минор» (Қысқа мұнара) деген ат берілген.

Е) Калтаминор секілді мұнара басқа еш жерде салынбауы үшін оның бас құрылысшысы өлім жазасына кесілген.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

А) III бөлімде қайталанған

В) IV бөлімде қайталанған

С) II бөлімде қайталанған

Д) I бөлімде қайталанған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Мұнара құрылысы біткенде, Орта Азиядағы ең биік мұнара болуы мүмкін еді.

2. Мұнара Өзбекстандағы ең биік ортағасырлық мұнаралардың ішінде 6-орында тұр.

3. Мұнара XIX ғасырдың ортасында салына бастаған.

4. Ескерткіш Хиуа қаласының 2500 жылдығы қарсаңында қайта жөндеуден өткен.

5. Мұнараның биіктігі 29 метрді құрайды.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Елімізде туризмді дамыту, сондай-ақ Хиуаға саяхатшыларды көбірек тарту үшін қандай ұсыныстар бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

7-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

КАЛТАМИНОР

I

Қазіргі таңда көне Хиуа шаһарын осы бір сәулет ескерткішінсіз елестету қиын. Калтаминор Хиуа қаласындағы Ишан қала аумағында орналасқан және қаланың нышандық белгісі ретінде танылған. Ол 1990 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Сондай-ақ, ол Өзбекстандағы ең биік ортағасырлық мұнаралардың ішінде 6-орында тұр. 1996-1997 жылдары ескерткіш Хиуа қаласының 2500 жылдық мерейтойы қарсаңында жөндеуден өтті. XIX

ғасырдың қайталанбас өрнектері мен жазулары қайта қалпына келтіріліп, бұл мұнаның айбынды бейнесін қайтарды.

II

Калтаминор Мұхаммед Әминхан медресесінің алдыңғы жағында орналасқан және кейде соның бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ол Өзбекстандағы ең биік ортағасырлық мұнаралардың ішінде 6-орында тұр. Мұнаның екінші қабатынан бастап медресемен жалғасатын көпірше арқылы жоғарыға көтерілуге болады. Ішінде жоғарыға апаратын ағаш баспалдақ бар, бұл баспалдақ жиі жөнделіп тұрған.

Бұл — сыртқы беті түгелдей жылтыр мозаикамен және майоликамен қапталған жалғыз мұнара. Оның көлемі мен бірегей әшекейлері адам баласын таңғалдырмай қоймайды. Нақыштарында қою жасыл, көк және ақ түстер басым, кейбір өрнектері көгілдір (фируза) түсті. Күн сәулесі кез келген заттың түсін өзгертеді, яғни ағартады немесе солғын тарттырады. Бірақ бұл құбылыс мұнара бойында байқалмайды. Қаншама уақыт өтсе де, ол бейне бір кеше ғана салынғандай жаңа қалпында сақталып тұр. Мұнаның сыртқы қабырғаларында тек парсы тіліндегі әріптерден тұратын, кейіннен қалпына келтірілген жазулар бар.

III

Мұнаның іргетасы 15 метр тереңдікте жатыр, оның диаметрі — 14,5 метр, ал биіктігі — 29 метрді құрайды. Мұнара қиық конус пішіндес. Құрылыстың біртіндеп тарылу қарқынына қарап, егер ол аяқталғанда биіктігі 100 метрге жетіп, Орта Азиядағы ең үлкен әрі ең биік мұнара болар еді деген қорытынды жасауға болады. Алайда мұнаның құрылысы соңына дейін жеткізілмей, алып әрі жұмбақ бөшкеге ұқсап қалып қойған. Соған байланысты ол «Калта минор» (Қолқа/қысқа мұнара) деп аталған. Хиуалық тарихшы әрі жазушы Огахидің жазуынша, мұнара құрылысы 1852 жылы басталып, құрылысқа бастамашы болған Мұхаммед Әминхан 1855 жылы Серахс маңындағы шайқаста қаза тапқандықтан, аяқсыз қалған.

IV

Халық арасында Калтаминорға қатысты көптеген аңыздар айтылады. Солардың біріне сүйенсек, Хиуа ханы төбесіне шыққанда айбынды Бұхара шаһары көрініп тұратын орасан зор әрі биік мұнара тұрғызуды бұйырады. Бұдан хабардар болған Бұхара әмірі шеберлермен келісіп, Бұхарада да осындай мұнара тұрғызуды жоспарлайды. Мұны сезіп қойған Хиуа ханы мұнара біткеннен кейін шеберлерді мұнарадан лақтырып жіберуге бұйрық береді. Хан мұндай мұнаның басқа еш жерде қайталанғанын қаламаған еді. Шеберлер бұл туралы біліп қойып, ханның бұйрығын кірпішке жазып, жоғарыда жұмыс істеп жатқан Бас шеберге жеткізеді. Ол болса өлімнен құтылу үшін өзіне қанат жасап, ұшып кеткен деседі. Сол себепті мұнара соңына дейін салынбай қалған көрінеді.

Осылайша, бұл аңызға айналған мұнара әлі күнге дейін саяхатшылардың назарын өзіне баурап келеді.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

- A) Мұнара ішіндегі ағаш баспалдақ жиі жөндеуден өтіп тұрған.
- B) Калтаминордың бас шебері ханның қаһарына ұшырап, өлім жазасына кесілген.
- C) Мұнараға күн сәулесі тікелей түскендіктен, мозаикадағы жазулар өз түсін жоғалтқан.
- D) Құрылысқа бастамашы болған Мұхаммед Әминхан шайқаста қаза тапқандықтан, мұнара аяқталмай қалған.
- E) Аңыз бойынша, мұнараның бас шебері Хиуа ханшайымына ғашық болғаны үшін хан тарапынан жазаланған.

Жауабы:

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

- A) II бөлімде қайталанған
- B) III бөлімде қайталанған
- C) IV бөлімде қайталанған
- D) I бөлімде қайталанған

Жауабы:

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Мұнара ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген.
2. Мұнарада XIX ғасырдың қайталанбас өрнектері мен жазулары қайта қалпына келтірілген.
3. Мұнараның іргетасы 15 метр тереңдікте орналасқан.
4. Мұнараның мозаикасында қою жасыл, көк және ақ түстер басым.
5. Аңыз бойынша, бас шебер өзіне қанат жасап, ұшып кеткен.

Жауабы:

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтінге сүйене отырып, құрылысы соңына дейін аяқталмаған мұнараның бүгінгі таңда жұмбақ әрі аңызға айналған нысан ретінде бағалану себептері мен салдарларын талда.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Еліміздегі тарихи ескерткіштерді сақтау және оларды жастар арасында кеңінен насихаттау үшін қандай ұсыныстар бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

8-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

ТАУЛАР

I

Жер бетінің жазықтарынан жеке-дара немесе тізбектеліп көтеріліп тұрған биік жерлерді таулар деп атайды. Таулар әртүрлі бағытта, сан қилы қашықтыққа түзу сызық немесе доға тәріздес пішінде созылып жатады. Таулардың биіктігі теңіз деңгейінен бірнеше шақырымға дейін жетеді. Таулы аймақтарда жоталар, оқшау таулар, аңғарлар мен кең сай-салалар кездеседі. Тау жоталары — екі жақ беткейі тік, ұзынынан созылып жатқан ірі рельефтік пішіндер. Бүгінгі таңда таулар құрлық ландшафтының бестен бір бөлігін құрап, жер шары халқының оннан бір бөлігіне баспана болып отыр.

II

Таулардың биіктігі теңіз деңгейінен бірнеше шақырымға дейін асқақтайды. Мәселен, жер шарының ең биік нүктесі — Гималай тауларындағы Джомолунгма (Эверест) шыңының биіктігі 8848 метр. Тау рельефі өзіндік ерекшелікке ие: ол тік беткейлерден, мұздықтар түзетін қырқалардан, пирамида тәріздес шыңдардан, өткір қырлы белестер мен науа тәріздес аңғарлардан тұрады. Мұндай құрылымдағы тауларға Кавказ, Памир, Тянь-Шань, Гималай, Альпі және Кордильера тауларын жатқызуға болады. Ғалымдардың зерттеуінше, таулар тіпті теңіз түбінде де бар, сонымен қатар оларды құрлыққа қарағанда мұхиттарда жиірек кездестіруге болады. Кейбір аралдар — су астынан қылтиып көрінетін тау шыңдары болып табылады.

III

Таулар шығу тегіне қарай 3 түрге бөлінеді: тектоникалық, эрозиялық және жанартаулық. Тектоникалық таулар жер плиталарының өзара күшті соқтығысуынан, жылжуынан және бірігуінен көтеріледі. Олардың шыңдары тік әрі биік, жоталары ұзын және доғаша иілген болады. Мұндай таулар негізінен «жас» таулар саналады, сондықтан оларда жер сілкінісі жиі болып тұрады. Гималай мен Альпі таулары осы топқа жатады.

Жанартаулық таулар жер астындағы жанартаулардың атқылауы нәтижесінде сыртқа шыққан лава қабаттарының қатып қалуынан түзіледі. Әдетте олар конус пішінді болып келеді және шыңында кратері (аузы) болады. Мұндай тауларға Фудзияма, Везувий, Этна және Килиманджаро жатады.

Эрозиялық таулар ұзақ уақыт бойы су, жел, мұздықтар немесе басқа да сыртқы күштердің әсерінен мүжіліп қалыптасқан таулар. Кезінде биік әрі тұтас болған тау жыныстары уақыт өте келе бұзылып, бөлшектеніп, аласара береді. Нәтижесінде қырлы, кеуекті, тегіс емес пішінді таулар пайда болады. Олардың шыңдары жұмыр немесе мүжілген болып келеді, тік шыңдар сирек кездеседі, есесіне өзен аңғарлары мен жыралар көп болады. Бұлар көбіне көне тау жоталары болып табылады. Орал және Аппалачи таулары — бұған нақты мысал.

IV

Таулар — табиғаттың ең ғажайып көріністерінің бірі. Ғалымдар жуырдағы уақытқа дейін олардың атқаратын қызметін толық білмей келген еді. Ғылым дамыған соң, таулардың бірнеше маңызды міндеті бар екені анықталды. Атап айтқанда, таулар өзінің пішіні мен жер қойнауына терең бойлай енгендігінің арқасында жер қабаттарының сырғып кетпеуін қадағалап, «қазық» секілді ұстап тұрады. Сондай-ақ, табиғи байлықтардың қалыптасуында маңызы зор. Өсімдіктер

мен жануарлар дүниесі үшін тамаша тіршілік ортасы болып табылады. Тау жыныстарының мүжілуінен құнарлы топырақ түзіледі. Адамзат үшін ең қажетті тұщы судың 80 пайызы тауларда жинақталады. Сонымен қатар, олар табиғи тосқауыл ретінде кейбір аймақтарды жел мен суықтан қорғайды.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

- A) Таулардың қалай пайда болғаны адамзат үшін әлі де жұмбақ.
- B) Таулар жер қабаттарының сырғып кетпеуін қадағалап, «қазық» секілді ұстап тұрады.
- C) Тау шыңдары авиация саласында бағытты анықтау үшін маңызды саналады.
- D) Таудың биіктігін есептеуде теңіз деңгейі негізгі өлшем болып табылады.
- E) Тауда өсетін өсімдіктер мен жануарлар басқа жерде кездеспейді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

- A) IV бөлімде қайталанған
- B) I бөлімде қайталанған
- C) III бөлімде қайталанған
- D) II бөлімде қайталанған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Гималай тауларындағы Джомолунгма шыңының биіктігі 8848 метрді құрайды.
2. Таулар дүние жүзі халқының оннан бір бөлігін баспанамен қамтамасыз етеді.
3. Таулар 3 түрге, атап айтқанда тектоникалық, эрозиялық және жанартаулық түрлерге бөлінеді.
4. Таулар — табиғаттағы ең әдемі жерлердің бірі.
5. Гималай мен Альпі таулары тектоникалық таулар қатарына жатады.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Өзбекстанда экологиялық ортаны сақтау мақсатында тау туризмін дұрыс жолға қою үшін қандай ұсыныстар бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

9-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін

11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

ТАУЛАР

I

Жер бетінің жазықтарынан жеке-дара немесе тізбектеліп көтеріліп тұрған биік жерлерді таулар деп атайды. Таулар әртүрлі бағытта, сан қилы қашықтыққа түзу сызық немесе доға тәріздес пішінде созылып жатады. Таулы аймақтарда жоталар, оқшау таулар, аңғарлар мен кең сай-салалар кездеседі. Тау рельефі өзіндік ерекшелікке ие: ол тік беткейлерден, мұздықтар түзетін қырқалардан, пирамида тәріздес шыңдардан, өткір қырлы белестер мен науа тәріздес аңғарлардан тұрады. Мұндай құрылымдағы тауларға Кавказ, Памир, Тянь-Шань, Гималай, Альпі және Кордильера тауларын жатқызуға болады. Таулар табиғи байлықтардың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Олар өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін қолайлы әрі бай табиғи орта болып табылады.

II

Таулардың биіктігі теңіз деңгейінен 200 метрден бірнеше шақырымға дейін жетеді. Мәселен, жер шарының ең биік нүктесі — Гималай тауларындағы Джомолунгма (Эверест) шыңының биіктігі 8848 метрді құрайды. Ғалымдардың зерттеуінше, таулар тек құрлықта ғана емес, сонымен қатар теңіз бен мұхит түбінде де бар. Тіпті оларды құрлыққа қарағанда мұхиттарда жиірек кездестіруге болады. Кейбір аралдар — су бетіне шығып тұрған су асты тауларының шыңдары болып табылады. Бүгінгі таңда таулар құрлық ландшафтының бестен бір бөлігін құрап, жер шары халқының оннан бір бөлігін баспанамен қамтамасыз етіп отыр.

III

Таулар шығу тегіне қарай 3 түрге бөлінеді: тектоникалық, эрозиялық және жанартаулық. Тектоникалық таулар жер плиталарының өзара күшті соқтығысуынан, жылжуынан және бірігуінен көтеріледі. Олардың шыңдары тік әрі биік, жоталары ұзын және доғаша иілген болады. Мұндай таулар негізінен «жас» таулар саналады, сондықтан оларда жер сілкінісі жиі болып тұрады. Гималай мен Альпі таулары осы топқа жатады. Жанартаулық таулар жер астындағы жанартаулардың атқылауы нәтижесінде сыртқа шыққан лава қабаттарының кейіннен қатып қалуынан түзіледі. Әдетте олар конус пішінді болып келеді және шыңында кратері (аузы) болады. Мұндай тауларға Фудзияма, Везувий, Этна және Килиманджаро жатады. Эрозиялық таулар ұзақ уақыт бойы су, жел, мұздықтар немесе басқа да сыртқы күштердің әсерінен мүжіліп қалыптасқан таулар. Кезінде биік әрі тұтас болған тау жыныстары уақыт өте келе бұзылып, бөлшектеніп, аласара береді. Нәтижесінде қырлы, кеуекті, тегіс емес пішінді таулар пайда болады. Олардың шыңдары жұмыр немесе мүжілген болып келеді, тік шыңдар сирек кездеседі, есесіне өзен аңғарлары мен жыралар көп болады. Бұлар көбіне көне тау жоталары болып табылады. Бұған Орал және Аппалачи таулары жатады.

IV

Таулар — табиғаттың ең ғажайып көріністерінің бірі. Ғалымдар жуырдағы уақытқа дейін олардың атқаратын қызметін толық білмей келген еді. Ғылым дамыған соң, таулардың бірнеше маңызды міндеті бар екені анықталды. Атап айтқанда, таулар өзінің пішіні мен жер қойнауына терең бойлай енгендігінің арқасында жер қабаттарының сырғып кетпеуін қадағалап, «қазық» секілді ұстап тұрады. Таулар табиғи байлықтардың қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Олар өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін қолайлы әрі бай табиғи орта болып табылады. Тау жыныстарының мүжілуінен құнарлы топырақ түзіледі. Адамзат үшін ең қажетті тұщы судың 80 пайызы тауларда жинақталады. Сонымен қатар, олар табиғи тосқауыл ретінде кейбір аймақтарды жел мен суықтан қорғайды.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

- A) Таулар тіпті теңіз түбінде де бар, сондай-ақ оларды құрлыққа қарағанда мұхиттарда жиірек кездестіруге болады.
- B) Таулардың тек құрлықта орналасқаны ғалымдармен дәлелденген.
- C) Таулар Жердегі сияқты Ай бетінде де бар.
- D) Орал және Аппалачи таулары жанартаулық таулар қатарына жатады.
- E) Фудзияма, Везувий, Этна және Килиманджаро тауларының шыңында арнайы кратерлер (ауыз) бар.

Жауабы:

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

- A) IV бөлімде қайталанған
- B) II бөлімде қайталанған
- C) III бөлімде қайталанған
- D) I бөлімде қайталанған

Жауабы:

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Жер бетінің жазықтарынан жеке-дара немесе тізбектеліп көтеріліп тұрған биік жерлерді таулар деп атайды.
2. Ғалымдар жуырдағы уақытқа дейін таулардың қызметін білмеген.
3. Гималай тауларындағы Эверест шыңының биіктігі 8848 метрді құрайды.
4. Таулар бүгінгі таңда дүние жүзі ландшафтының бестен бір бөлігін құрайды.
5. Тауларда адамзат үшін ең қажетті тұщы судың 80 пайызы жинақталады.

Жауабы:

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Таулардың табиғи ресурстары мен адам қызметі арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Таулы аймақтарда су көздерін, топырақты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін қандай ұсыныстар бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

10-МӘТІН (қазақ тілі)

Ғылыми-әмбебап мәтін
11–15-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

I

«Зиярат» — араб тілінен енген сөз, ол әдетте қасиетті орындарға бару дегенді білдіреді. Ал орыс тіліндегі «паломник» сөзі латын тілінен аударғанда «дүниені кезіп жүруші діндар» деген мағына береді. Демек, зиярат — діни жоралғыларды орындау мақсатында адамның түрлі қасиетті мекендерге жасаған саяхаты. Зияратты шартты түрде екіге бөлуге болады: діни және зайырлы. Біріншісі иләһи құндылықтарға, екіншісі жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделеді. Мәселен, «Еске алу және құрметтеу» күнінде «Зарлы ана» ескерткішіне гүл шоқтарын қоюды, Ташкенттегі қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Шежірелі шәһидтер» (Shahidlar хотirasi) кешеніне баруды зайырлы зиярат қатарына жатқызуға болады.

II

Зиярат туризмінің әлеуметтік және рухани маңызы — оның рухани құндылықтардың дамуына ықпал етуінде. Қасиетті орындарға тәуәп етуге келгендер тек әулиелердің басына барумен ғана шектелмейтіні анық. Олар қалалардың басқа да назар аударарлық тарихи, мәдени нысандарын, сәулет ескерткіштерін аралайды. Жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, өшпес құндылықтарымен және заманауи тынысымен танысады. Қала ішіндегі және қалааралық көліктер мен коммуникация құралдарын пайдаланады. Ұлттық дәмді тағамдардан ауыз тиіп, ұлттық киімдер сатып алады. Демек, зиярат туризмінің экономикалық-қаржылық маңызы да зор.

III

Зиярат — діни рәсімдерді орындау үшін жасалатын қасиетті мекендер бойындағы саяхат. Осыған орай, кейінгі жылдары Өзбекстанда туризмнің бір саласы ретінде оны дамыту бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Ислам дінінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабаларымыздың кесенелері абаттандырылып, сол жерлерде мешіттер мен медреселер, зияратшыларға арналған арнайы қонақүйлер салынды, айналасына бау-бақшалар егілді. Бүгінгі таңда ислам мәдениеті мен өркениетінің дамуына бұрынғыдан да зор көңіл бөлінуде. Өзбекстандағы Халықаралық ислам академиясы, Өзбекстан Ислам өркениеті орталығы, Ташкент ислам институты, Мир Араб жоғары медресесі секілді ғылыми-ағартушылық оқу орындарының ашылуы, хадис, кәләм, фикһ мектептерінің құрылуы — сөзіміздің айқын дәлелі.

IV

Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған биік ислами этиканы қалыптастыру, ислам рухымен суарылған мәңгілік дәстүрлерді ХХІ ғасыр жағдайында лайықты жалғастыру мақсатында Өзбекстан Халықаралық Ислам Академиясында зиярат туризмінің электронды интегралды платформасы жасалды. Платформа құрамына сайт, мобильді қосымша, аудио және видео материалдар, сондай-ақ еліміздегі 100-ден астам қасиетті мекенге арналған «Өзбекстан зияратжайлары» фотоальбомы енген. Бұл нысандар халықаралық және ұлттық деңгейі, тарихы, маңызы, инфрақұрылымы мен басқа да жағдайлары ескеріле отырып таңдап алынды. Өзбекстандағы барлық қасиетті қадамдардың, мәдени, рухани байлықтардың халықаралық тәжірибеге негізделген бірыңғай интеграциялық тізілімі мен олардың нақты тарихи деректерге сүйенген

сипаттамасы жасалды. Осының барлығы, сөзсіз, зиярат туризмінің мүмкіндіктерін кеңейтуге қызмет етеді. Ұлы ғұламаларды дүниеге әкелген бұл қасиетті топырақ шетелдік туристерді, әсіресе зияратшы саяхатшыларды өзіне магнитше тартатыны заңдылық.

11. (Білу – 4 балл) Мәтін мазмұнында кездесетін мәліметтер берілген жауапты (жауаптарды) анықта.

A) Саяхатшылар қасиетті жерлерге тек әулиелердің қабіріне тәуап ету үшін ғана келеді.

B) Кейінгі жылдары Өзбекстанда ұлы бабаларымыздың кесенелері абаттандырылып, мешіттер мен медреселер салынды.

C) Зиярат туризмінің электронды интегралды платформасы сайтты, мобильді қосымшаны, аудио және видео материалдарды, сондай-ақ «Өзбекстан зияратжайлары» фотоальбомын қамтиды.

D) Самарқандтағы Имам әл-Бұхари кешеніне баруды діни зияратқа жатқызуға болады.

E) Еліміздегі қасиетті мекендердің бірі — «Шежірелі шәһидтер» (Shahidlar хотirasi) кешеніне арнап жеке фотоальбом жасалған.

Жауабы:

--	--	--	--	--

12. (Қолдану – 6 балл) Мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарға назар аудар және қай бөлімде қайталанатын ой бар екенін анықта.

A) IV бөлімде қайталанған

B) II бөлімде қайталанған

C) III бөлімде қайталанған

D) I бөлімде қайталанған

Жауабы:

--

13. (Пайымдау – 8 балл, қысқа жауапты) Мәтіннен алынған мына сөйлемдердің қайсысы факт болып табылады?

1. Ұлы ғұламаларды дүниеге әкелген бұл қасиетті топырақ шетелдік туристерді өзіне магнитше тартатыны заңдылық.

2. Өзбекстан Халықаралық Ислам Академиясында зиярат туризмінің электронды интегралды платформасы жасалды.

3. Зияратты шартты түрде екіге бөлуге болады: діни және зайырлы.

4. Өзбекстанда Өзбекстан Ислам өркениеті орталығы ғылыми-ағартушылық оқу орны ретінде құрылды.

5. «Зиярат» — араб тілінен енген сөз, ол әдетте қасиетті орындарға бару дегенді білдіреді.

Жауабы:

--	--	--	--	--

14. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Мәтіннен 4 себеп-салдарын анықтап жаз.

Жауабы: _____

15. (Пайымдау – 13 балл, кеңейтілген) Елімізде зиярат туризмін кеңірек жолға қою үшін тағы қандай ұсыныстар бере аласың? Өз ұсынысыңды 50-60 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

Әдебиет

16-СҰРАҚ

1. (Білу – 8 балл) Халық ауыз әдебиетіндегі қаһармандық жырларға тән сипаттаманы анықта.

1. Бұл — нақты авторы бар, жазбаша түрде дамыған жанр. Мысалы: «Құтты білік», «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн» секілді шығармалар жатады.

2. Негізінен ғашықтық сезімді, екі жастың бақыт жолындағы күресін сипаттайтын фольклорлық туынды. Бұған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын жатқызуға болады.

3. Бұл жырларда халықтың басынан кешкен тарихи оқиғалары, ел қорғаған батырлардың ерен ерлігі мен ерекше қасиеттері дәріптеледі. Бұған «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырлары жатады.

4. Көбіне тұрмыс-салт жырларына жақын, ел ішіндегі әдет-ғұрыптар мен би-шешендердің сөздерін жинақтаған шығармалар түрі.

Жауабы:

2. (Білу – 8 балл) Қазақ батырлар жырындағы сюжеттік ерекшеліктер мен сарындарға (мотивтерге) тән сипаттаманы анықта.

1. Бұл жырда басты кейіпкердің туған жерінен алыстап, өзге елде тұтқынға түсуі, діні мен сенімі үшін қысым көруі және соңында әкесінің немесе серіктерінің көмегімен құтылып, мұратына жетуі сипатталады.

2. Бұл жырларда ел бірлігін сақтау, сыртқы жаудан қорғану, батырдың тұлпар таңдауы, жар іздеуі және болашақ ұрпақтың (батырдың баласының) ерлігін жалғастыруы секілді ортақ сюжеттік желілер кездеседі. Мұндай жырларға «Қобыланды батыр» немесе «Алпамыс батыр» жатады.

3. Бұл туындыда отбасылық сатқындық, ағайындылар арасындағы таққа талас және басты кейіпкердің түңіліп, елден безіп кетуі, кейіннен кездейсоқ патша болып, бұрынғы дұшпандарынан кек алуы басты орынға шығады.

Жауабы:

3. (Білу – 8 балл) «Кенесары – Наурызбай» дастанына тән сипаттаманы анықта.

1. Дастанда Кенесары хан қазақ халқын біріктіріп, Қоқан хандығы мен қырғызға қарсы күрес жүргізеді.

2. Дастанда Наурызбай батырдың басты мақсаты – сауда жасап, ел аралап бай болу еді.

3. Дастанда Кенесарының Төле бимен кеңесіп, Ұлы жүз қазақтарын Ресей империясына қарсы көтеріліске шақырғаны және Дулат руының толықтай қолдау көрсеткені туралы айтылады.

Жауабы:

4. (Білу – 8 балл) Жұмбақ жанрына тән сипаттаманы анықта.

1. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан даналығы мен философиялық көзқарастарын жинақтаған жанр. Ол адамның сөзін көркемдеп, ойды әсерлі жеткізуге көмектеседі. Қысқа қайырымды, тәрбиелік мәні зор, ғибратты ойларды тұжырымдап береді.

2. Өлеңмен де, қара сөзбен де айтылатын, тақырып аясы өте кең жанр. Адамды тапқырлыққа, тез ойлауға және шешім қабылдауға баулиды. Құрылымына қарай бір затты немесе бірнеше затты сипаттайтын түрлерге бөлінеді, заттың не құбылыстың атын атамай, ұқсас белгілері арқылы жасырады.

3. Діни қағидалар мен шариат жолдарын түсіндіретін, екі бөлімнен тұратын қасиетті сөздер жинағы. Орталық Азиядан шыққан ғұламалар олардың ең сенімділерін жинақтап, жүйелеген.

Жауабы:

5. (Білу – 8 балл) Тұрмыс-салт жырларының ішіндегі «Еңбек жырларына» тән сипаттаманы анықта.

1. Халқымыздың ежелгі наным-сенімдеріне байланысты туып, түрлі табиғат құбылыстарын шақыру немесе тоқтату мақсатында орындалатын жырлар. Мысалы, жаңбыр тілеу кезінде айтылатын «Тәспі», «Күн жайлату» немесе көктемнің келуімен байланысты «Наурыз жырларын» осы топқа жатқызуға болады.

2. Негізінен балалардың тілімен айтылатын, оларды тапқырлыққа, санауға және қоршаған ортаны тануға баулитын шығармалар. Бұл жанрға «Санамақтар», «Жаңылтпаштар», «Қуыр-қуыр қуырмаш» және «Айгөлек» сияқты ойын өлеңдері жатады.

3. Адамды төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейтін, жұмыс барысындағы ауырлықты жеңілдету үшін ұжыммен орындалатын жырлар. Бұған ғасырлар бойы қалыптасқан, төрт түлік малмен және кәсіппен байланысты айтылатын «Шөре-шөре», «Көс-көс», «Пай-пай» және егіншілікке қатысты «Май айдау» сияқты өлеңдер жатады.

Жауабы:

6. (Білу – 8 балл) Халық ауыз әдебиетіндегі «ғашықтық (лиро-эпостық) жырларға» тән сипаттаманы анықта.

1. Бұл жырлардың негізгі тақырыбы — ескі әдет-ғұрыпқа, екі жастың қосылуына бөгет болатын кедергілерге қарсы күрес. Мұнда махаббат мәселесі алдыңғы орында тұрғанымен, кейіпкерлердің ел қорғау жолындағы ерліктері де (мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан») қатар суреттеледі.

2. Мұндай шығармаларға жазба әдебиеттің озық үлгілері: «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын», «Ромео мен Джульетта» жатады. Бұл туындыларда ғашықтардың ішкі толғаныстары мен қайғылы тағдыры басты назарда болады және олар негізінен жеке авторлық туындылар болып табылады.

3. Бұл жырларда махаббатпен бірге нақты тарихи шайқастар, әскери жорықтар мен мемлекеттік істер баяндалады. Мысалы, «Шайбанинама» немесе «Жеңіснама» сияқты тарихи шежіре-дастандарды осы топқа жатқызуға болады.

Жауабы:

7. (Білу – 8 балл) Төмендегі тұжырымдардың ішінен «Алпамыс батыр» жырына тән сипаттаманы анықта.

1. Дастанның басты идеясы — шашыраған елдің басын біріктіру, жұрттың тыныштығы мен ел іргесінің беріктігі. Шығармада батырдың айнымас серігі ретінде тұлпар бейнесі — Байшұбар бейнесі арқылы сомдалған. Сондай-ақ, жырда ел қорғаны болған алыптар бейнесі кездеседі.

2. Дастан «Гөрұғлы» топтамасына жатады. Мұнда ар-намыс, Отанға және дінге адалдық идеялары басым. Кейіпкер өз махаббаты үшін күреседі және қандай қиындық туса да, қасиетті дінінен бас тартпайтын мәрттігімен ерекшеленеді.

3. Шығарманың басты идеясы — махаббатқа адалдық пен достыққа бекемдік. Онда басына түскен ауыр айырылысу мен қиындықтарға шыдай алмай, дәруіш кейпіне еніп кеткен және махаббатынан ешқашан бас тартпайтын кейіпкер бейнесі суреттеледі.

Жауабы:

8. (Білу – 8 балл) Халық ауыз әдебиетінің жанры — мақал-мәтелдерге тән сипаттаманы анықта.

1. Бұл жанрдың тақырып аясы өте кең. Онда табиғат құбылыстары, жыл мезгілдері, жан-жануарлар дүниесі, еңбек құралдары мен тұрмыс бұйымдары түспалдап суреттеледі. Тыңдаушыдан тапқырлықты, зеректікті және тез ойлап, жауабын табуды талап етеді.

2. Бұл жанрды халық арасында «нақыл сөздер» немесе «ғибратты сөздер» деп те атайды. Ол сөзге өң беріп, ойды анық әрі әсерлі жеткізуге көмектеседі. Сөйлеушінің тілін байытып, оның даналығын көрсетеді. Сондықтан да бұл сөздер адамдардың күнделікті сөйлеу мәнерінде үнемі қатар жүреді.

3. Бұл жанр көбіне өлеңмен немесе қара сөзбен жазылатын шағын тәрбиелік туынды. Оқиғасы мысқылға, әжуаға негізделеді. Басты кейіпкерлері — аңдар, құстар немесе заттар. Олардың іс-әрекеті арқылы адам бойындағы жаман қасиеттер (еріншектік, мақтаншақтық, арамдық) сынға алынады.

Жауабы:

9. (Білу – 8 балл) Төмендегі тұжырымдардың ішінен «Қобыланды батыр» жырына тән сипаттаманы анықта.

1. Жырдағы Тайбурыл тұлпар бейнесі — батырдың айнымас серігі ғана емес, ол Құртқа сұлудың алты жыл бойы күтіп-баптауымен, «түндікпен күн, түтікпен су беріп» өсірген ерекше жаратылыс ретінде суреттеледі. Оның қырық үш күндік кемдігі батырдың жорық жолындағы қиындықтарына себеп болады.

2. Дастанда аңдаусызда шешім қабылдап, оқиғалар барысында көптеген қателіктерге бой алдырған, жауыз кемпірдің (мастан) арбауына түсіп, отбасынан, әйелі мен баласынан айырылып, жалғыздыққа соқтыққан патша бейнесі басты орында тұрады.

3. Жырдың кейіпкері халықты айдаһар апатынан құтқарады. Ол өзінің сүйікті жары мен балалары үшін өте ауыр жағдайда қалса да, әрдайым ақылмен іс қылады, отансүйгіштік пен достық құндылықтарын бәрінен биік қояды.

Жауабы:

10. (Білу – 8 балл) «Кенесары — Наурызбай» дастаны кейіпкерлеріне тән шынайы сипаттаманы (үзіндіні) анықта.

1. Кенесары хан — жырда тек қатыгез билеуші ретінде суреттеледі; ол өз пайдасы үшін жақын серіктері мен інісі Наурызбайды жау қолына әріптес ретінде сатып жібереді.

2. Наурызбай батыр — Кенесарының інісі, ержүрек батыр. Жырда оның Ақауыз атты тұлпары оққа ұшса да, жаумен соңына дейін шайқасқаны және Бұқарбай батырдың көмегімен құтылғаны баяндалады.

3. Бұғыбай басшы — Наурызбайдың сенімді серігі, ол қырғыз манаптарымен астыртын сөз байласып, қазақ әскерін «Абылай аспас асуда» әдейі адастырып, тұйыққа тірейді.

Жауабы:

17-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 9 балл) Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесіндегі образдар мен оқиғалар желісі туралы дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Сейітқұл — тек өз басының байлығын ойлаған, ағайын-туғаннан безіп, жеке дара егін егіп, мал жинаған қатыгез байдың бейнесі ретінде сипатталады.

2. Сейітқұл бейнесі — көшпелі қазақ тұрмысына жаңа кәсіп (егіншілік, отырықшылық) енгізу арқылы елдің әл-ауқатын көтерген, еңбекқорлық пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсеткен жаңашыл тұлға.

3. Әңгімедегі Сейітқұлдың басты мақсаты — жаугершілік заманда еліне қорған болып, батырлық көрсету еді; ол егіншілікпен тек амалсыздан, малдан айырылған соң ғана айналысты.

4. Сейітқұлдың отыздан астам үйді Торғай өзенінің бойына қондырып, арық қаздырып, егін салдыруы — қазақ даласындағы кәсіптің өзгеруін және адал еңбекпен байлыққа жетуге болатынын дәлелдейтін шешуші оқиға.

Жауабы:

--	--	--	--

2. (Қолдану – 9 балл) Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасындағы образдар мен сюжеттік желіге қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Қожа — табиғатынан бұзық, оқуға ықыласы жоқ, айналасына тек зиян келтіруді ойлайтын, түзелмейтін қателіктер жасаған жағымсыз кейіпкер.

2. Жантас — Қожаның ең жақын досы, ол әрдайым Қожаны тығырықтан алып шығып, мұғалімдер алдында оны қорғап қалатын адал бейне ретінде суреттеледі.

3. Қожаның «Тәртіпті бала болу» туралы құпия күнделік бастауы — оның өз ісіне есеп беріп, ішкі жан дүниесінің тазаруға, жақсы адам болуға ұмтылысын көрсететін маңызды деталь.

4. Сұлтан — Қожаның өміріне теріс әсер еткенімен, шын мәнінде пысық, өмір көрген, бірақ бағыт-бағдары бұрыс қалыптасқан кейіпкер. Оның Қожаны «келесі жылы оқуға түсеміз» деп алдауы балалық сенімнің алдануын көрсетеді.

5. Майқанова мұғалім — Қожаның әрбір ісіне түсіністікпен қарап, оның тентектігінің артында үлкен талант жатқанын алғашқы болып таныған мейірімді ұстаз бейнесі.

Жауабы:

--	--	--	--

3. (Қолдану – 9 балл) М.Әуезовтың «Көксерек» хикаятындағы образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Көксерек — Құрмаш пен әжесінің мейіріміне бөленіп, соңында нағыз үй итіне айналған, адамға адалдығымен ерекшеленген бөлтірік бейнесі.

2. Құрмаш — табиғатты шексіз сүйетін, аңғал да мейірімді бала. Оның бөлтірікті асырауы — тұз тағысын мейіріммен өзгертуге болады деген балалық сенімі мен табиғатқа деген таза махаббатының көрінісі.

3. Көксеректің бойындағы қасиеттер — «қасқырды қанша асырасаң да, тауға қарап ұлиды» деген халық даналығын растайды. Ол ауылда өскенімен, ішкі жабайы түйсігі мен қаталдығын жоғалтпаған, еркіндікті аңсаған тұз тағысы.

4. Құрмаштың өлімі — тек кездейсоқ қайғылы жағдай емес, бұл — табиғат заңына қарсы келудің, тұз тағысының табиғи болмысын ескермеудің қатал нәтижесі ретіндегі авторлық түйін.

5. Әжесі — басынан бастап Көксеректі жақсы көріп, оны асырауға Құрмашқа демеу берген, немересінің бұл ермегін толық қолдаған кейіпкер.

Жауабы:

--	--	--	--

4. (Қолдану – 9 балл) М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Поэмадағы Ана бейнесі — баласының өмірін сақтап қалу үшін кез келген құрбандыққа дайын, шарасыздықтан киеге қарсы шыққан қасіретті ананың тұлғасы. Оның аққуды атуы — зұлымдық емес, аналық соқыр сезімнің жеңіп кетуі.

2. Жетімкөл — шығармадағы оқиғалардың куәсі ғана емес, ол — табиғаттың сұлулығы мен тазалығының символы. Аққу атқаннан кейін көлдің де сұрқы қашып, қасиетінің кетуі — табиғаттың адам ісіне берген жауабы.

3. Тәуіп кемпір — шығармадағы оң кейіпкер. Ол Анаға дұрыс бағыт сілтеп, баланың ауруын емдеудің жалғыз жолы аққудың қаны екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді.

4. Аққуларды ату — халықтық ұғымдағы киені қорлау болып саналады. Поэманың соңындағы қасірет (баланың өлімі, ананың есінен тануы) — табиғат заңы мен қасиетті ұғымдарды аттап өткені үшін келген жаза ретінде бейнеленген.

5. Әке бейнесі — поэмада басынан аяғына дейін анаға қолдау көрсетіп, аққуды атуға бірге барған, оқиғаның шешілуіне белсене араласқан негізгі кейіпкер.

Жауабы:

--	--	--	--

5. (Қолдану – 9 балл) Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Момыш — немересі Бауыржанға қаталдық танытып, оны тек әскери тәртіпке баулыған, мейірімі аз, бірақ сөзге шешен қарт бейнесінде суреттеледі.

2. Бауыржанның тұлға болып қалыптасуына әкесі Момыш пен әжесі Қызтуманың тәрбиесі үлкен әсер етті. Әкесінің еңбекқорлығы, зергерлігі және әжесінің ертегі-аңыздары баланың қиялын ұштап, отансүйгіштікке баулыды.

3. Повестегі «ұшқан ұя» ұғымы — тек туған үйін ғана емес, адамның іргетасы қаланатын алтын бесігін, ұлттық тәрбие мен ата-баба дәстүрі сақталған қасиетті ортаны білдіреді.

4. Шығармада Бауыржанның анасы — баланы бағып-қағуда басты рөл атқарып, оның ержеткенше қасында болған, повестің соңына дейін оқиғаға белсене араласатын негізгі тұлға.

5. Автобиографиялық хикаятта қазақ халқының қонақжайлылық, ат қою, ас қайыру, үлкенді сыйлау сияқты салт-дәстүрлері шынайы суреттеліп, олардың бала тәрбиесіндегі маңызы ерекше көрсетілген.

Жауабы:

--	--	--	--

6. (Қолдану – 9 балл) С. Көбеевтің «Қалың мал» романындағы образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Ғайша бейнесі — ескілік пен салт-дәстүрдің құрбаны болған қазақ қызының тағдырын бейнелейді. Оның Сәрсенбай сияқты кәрі байға еріксіз ұзатылуы — адамның басыбайлы мал сияқты сатылатындығын көрсететін басты трагедия.

2. Итбай — ел қамын ойлаған, кедей-кепшікке қол ұшын созып, Ғайша мен Тұрлығұлдың қосылуына барынша көмектескен, ауылдағы әділдіктің символы іспетті кейіпкер.

3. Тұрлығұл — жаңашыл көзқарасты, білімді жастардың өкілі. Ол Ғайшаға деген адал махаббаты жолында ескі әдет-ғұрыптармен күресіп, теңдік пен бостандық үшін ұмтылған кейіпкер.

4. Романның басты идеясы — қалың мал салтын дәріптеу және қыз ұзатудағы ежелгі жол-жоралғылардың тәрбиелік мәні мен маңыздылығын кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсету.

Жауабы:

--	--	--	--

7. (Қолдану – 9 балл) Абай Құнанбайұлының «Масғұт» поэмасындағы образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Масғұт — Қыдыр шал ұсынған үш жемістің ішінен «ақылды» емес, «байлықты» таңдаған кейіпкер. Оның мақсаты — ең алдымен дүние жинап, содан кейін ғана халыққа пайда тигізу болды.

2. Шығарманың түйіні — «Көппен көрген — ұлы той» деген ұғымды растайды. Масғұт пен ханның «жынды суды» ішуі — ақылды бола тұра, өз халқыңнан бөлінбей, олармен бір тілде сөйлесу қажеттігін көрсететін астарлы ой.

3. Поэмадағы әйел бейнесі арқылы Абай: «Анадан ақылды да, ақын да туады, сондықтан әйел баласын қорламау керек» деген жаңашыл, гуманистік идеяны алға тартады.

4. Қыдыр шал — Масғұтқа тек алтын мен күміс беріп, оны әлемдегі ең бай адамға айналдырған, материалдық құндылықты бәрінен жоғары қойған мифологиялық кейіпкер.

Жауабы:

--	--	--	--

8. (Қолдану – 9 балл) С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы образдар жүйесі, аңыздар мен идеялық мазмұнға қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Поэмадағы «Оқжетпес» аңызы арқылы автор тұтқынға түскен қалмақ қызының өрлігін, еркіндікке деген құштарлығын суреттейді. Қыздың «кім де кім жартастың басына оқ тигізсе, соған күйеуге шығамын» деген шарты — оның басын ешкімге имейтін паңдығын көрсетеді.

2. Сәкен Сейфуллин бұл шығармасында Көкшетауды тек табиғат ретінде емес, қазақтың батырлық тарихымен, атап айтқанда, Абылай хан дәуіріндегі ел бірлігі мен ерлік оқиғаларымен байланыстыра бейнелейді.

3. Поэманың басты кейіпкері — жау жағынан шыққан батыр, ол Көкшетаудың сұлулығына таңғалып, соғысудан бас тартады және қазақ еліне мәңгілік достық туралы ант береді.

4. Автор Көкшетаудың табиғатын суреттегенде тек жазғы жайлауды ғана жырға қосып, бұл өлкенің тарихи аңыздары мен адамдарына мүлдем тоқталмай, тек пейзаждық лирика деңгейінде қалдырады.

Жауабы:

--	--	--	--

9. (Қолдану – 9 балл) М. Мағауиннің «Ең үздік оқушы» әңгімесіндегі образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Әңгімедегі басты кейіпкер — мектептегі барлық пәндерді үздік оқитын, мұғалімдердің айтқанын еш бұлжытпай орындайтын, бірақ ішкі дүниесі мен өздік ойы жоқ «робот» іспетті оқушының бейнесін сипаттайды.

2. Автор осы туынды арқылы мектептегі баға қою жүйесі мен «үлгілі оқушы» деген жасанды қалыпты сынға алады. Шынайы білім мен жаттанды «бестіктің» арасындағы айырмашылықты көркем тілмен жеткізеді.

3. Шығармадағы мұғалім бейнесі — баланың бойындағы ерекше дарынды бірден танып, оның еркін ойлауына жағдай жасаған, ескі мектеп жүйесіне қарсы шыққан реформатор ұстаз ретінде суреттеледі.

4. Әңгімедегі оқиғалар желісі оқушының тек сабақ үлгеріміне ғана емес, оның айналасындағы құрдастарымен қарым-қатынасы мен өзін-өзі тану жолындағы ішкі арпалысына негізделген.

Жауабы:

--	--	--	--

10. (Қолдану – 9 балл) Ш. Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасындағы образдар жүйесі мен идеялық мазмұнына қатысты дұрыс тұжырым(дар)ды анықта.

1. Поэманың басындағы Нысан абыздың сәуегейлігі — шығарманың сюжеттік желісіне «тағдырдан қашып құтылу мүмкін емес» деген мистикалық астар береді. Оның Кебекке айтқан болжамы алдағы трагедиядан хабар беретін экспозициялық деталь іспетті.

2. Кебек — жастайынан білім қуған, қала өмірін аңсаған, рулық тартыстарға мүлдем араласпаған бейбітшіл жас бейнесінде суреттеледі. Оның Еңлікті таңдауы — ескі салтты бұзып, қалалық мәдениетті орнатуға ұмтылысы.

3. Еңлік пен Кебектің өлімі — тек екі адамның тағдыры емес, бұл — сол кездегі билер сотының қатыгездігін, ру намысын адам өмірінен жоғары қойған соқыр сенімнің зардабын көрсететін қоғамдық трагедия.

4. Қараменде би — шығармада екі жастың жақтаушысы ретінде көрініп, екі руды татуластыру үшін бар күшін салған, соңында Еңлік пен Кебекті аман алып қалған жалғыз кейіпкер.

Жауабы:

--	--	--	--

18-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Тыртығы бар тарихтың денесінде
Туған жердің ырқына көнесің де.*

*Көне етіктің ұлтанын жұлып алар
Көктемдегі көк сазың әлі есімде.*

- A) Қадыр Мырзалиевтің бұл өлеңінде туған жердің тарихи тағдыры мен табиғаты астасып, ақынның елге деген сағынышы мен терең сүйіспеншілігі бейнеленген.
- B) Бұл өлеңде ақын тек табиғат көріністерін сипаттап, туған жер тақырыбына мүлде көңіл бөлмеген.
- C) Мұқағали Мақатаевтың бұл өлеңінде адам өмірінің өткіншілігі мен уақыт тақырыбы ғана қозғалған.
- D) Өлеңде туған жерге деген жағымсыз көзқарас, одан безіну сезімі суреттелген.

Жауабы:

2. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!»*

- A) Сәкен Сейфуллиннің бұл өлеңінде жастарды Көкшетаудың сұлу табиғатымен үндесуге және аңшылық өнерді меңгеріп, табиғат тағыларындай мықты болуға шақыратын ұранды жолдар берілген.
- B) Мағжан Жұмабаевтың бұл рухты жырларында жастардың бойындағы қайсарлық пен еркіндік аң-құстардың бейнесімен астарланып, ел болашағына деген нық сенім мен патриоттық сезім асқақ суреттелген.
- C) Қасым Аманжоловтың бұл шумағында майдан даласындағы солдаттардың ерлігін жыртқыш аңдарға теңеу арқылы тек соғыс кезіндегі батырлықты ғана мадақтау идеясы алға шығады.
- D) Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл өлеңінде «сенемін» сөзі арқылы жастардың ғылым мен білімге бет бұруы емес, тек физикалық күш-қуатының артықшылығы ғана басты назарға алынған.

Жауабы:

3. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Жүрегіме жыр құйып көктем сарнап,
Мынау – менің құстарым жеткен самғап.
Қара жердің қайғысын сейілтеді,
Қанатынан күміс нұр көктем саулап.*

А) Қалқаман Сарин бұл өлеңінде көктемгі табиғаттың жаңаруын, жыл мезгілдерінің алмасуын және өмірдің үздіксіз қозғалысын бейнелеп, адам сезімімен астастыра суреттейді.

В) Өлеңде тек қыс мезгілі суреттеліп, табиғаттың өзгерісі мен басқа мезгілдер мүлде қамтылмаған.

С) Бұл өлең Мағжан Жұмабаевқа тиесілі болып, онда тек өткен заманға деген сағыныш қана бейнеленген.

Д) Абайдың «Көктем» атты өлеңінде ақын табиғатты суық, жансыз күйде суреттеп, өмірге деген түңілу мен үмітсіздікті көрсетеді.

Жауабы:

4. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Қыс та келді. Тайды тағыз Күз серттен.
Қар жауып тұр күйге ұласып біз шерткен.
Қара жердің айғыз-айғыз келбеті,
Қара қойдың терісіндей тұз сепкен.*

А) Еркін Вохидовтың бұл өлеңінде ақын туған жерін әлемнің ең ірі қалаларынан да артық көріп, қарапайым еңбек адамының сұлулығын дәріптейді

В) Өлеңде көктем мезгілі мен табиғаттың гүлденуі ғана сипатталып, қыс көрінісі мүлде берілмеген.

С) Бұл шумақ Абай Құнанбайұлына тиесілі болып, онда қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік мәселесі қозғалған.

Д) Қалқаман Сарин бұл өлеңінде қыс мезгілінің келуін бейнелей отырып, табиғаттағы өзгерісті адамның ішкі күйімен байланыстырып, көркем теңеулер арқылы әсерлі суреттеген.

Жауабы:

5. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Өмір! Өмір!
Бәрін ұқтым,
Ескердім.
Еркелетпей өсіргенді хош көрдің.
Аларыңды алдың менен ертерек,
Алайда сен береріңді кеш бердің.
Кесірі ме іші тардың, өштердің?!
Жетекшісі бола алмадым көштердің.
Мен ертерек тапқанменен жарымды,
Сәбиді де сағындырып кеш бердің.*

- A) Абай Құнанбайұлының «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінен алынған үзіндіде адам бойындағы білім мен тәрбие мәселесі ғана ашылады, өмірдің қиындықтары қозғалған жоқ.
- B) Мұқағали Мақатаевтің «Бақыт» өлеңінен алынған бұл үзінді адамның табиғатқа деген сезімдері мен сағынышы суреттеледі.
- C) Қадыр Мырза Әлінің бұл өлеңінде ақын адам өміріндегі кешігу мен ерте келетін сынақтарды философиялық тұрғыда суреттейді.
- D) Сәкен Сейфуллиннің «Жастарға» өлеңінен алынғандай, ақын тек жас ұрпаққа сенім білдіреді.

Жауабы:

6. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Тілсіз келген білімнің
Түбі нағыз қиғылық.
Кесегесін тілімнің
Көтеремін ту қылып.
Дәулет деген —
Ұғыңдар!—
Кеше болса, бүгін жоқ.
Тілің болса — күнің бар,
Тіл болмаса — түгің жоқ!*

- А) Қадыр Мырза Әлідің бұл өлеңінде тілдің маңызы, ұлттық сананың негізі және адамның рухани байлығы қалай қалыптасатыны көркем суреттелген.
- В) Қалқаман Сариннің «Жаз жамалы» өлеңінен алынған бұл үзіндіде адамның табиғатқа деген сезімдері мен сағынышы суреттеледі.
- С) Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңінен алынған үзіндіде жалпы адам тәрбиесі мен білімге шақыру қозғалады.
- Д) Сәкен Сейфуллиннің «Жастарға» өлеңінен алынған бұл жолдар жастарға сенім білдіріп, тіл арқылы салт-дәстүрді сақтау мәселесі қозғалады.

Жауабы:

7. (Қолдану – 9 балл)Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Тауды көрсең күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ республикам таулары —
Менің көгім мөлдіреген сол аспан.*

- А) Қалқаман Сарин бұл өлеңінде республика табиғатының сұлулығы мен кеңдігін көркем тіл арқылы суреттеп, әрбір табиғи элементтің адам сезіміне әсерін ашады.
- В) Мұқағали Мақатаевтің «Жер-Ана» өлеңінен алынғандай, тек адамның рухани дүниесі мен жалғыздық сезімі суреттелген.
- С) Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінен» алынған үзіндіде философиялық ой мен білімге шақыру қозғалады.
- Д) Сырбай Мәуленовтің «Менің республикам» атты отансүйгіштік рухтағы танымал өлеңі. Туындыда Қазақстанның таулы-тасты жерлері, даласы, орманы мен гүлдері суреттеліп, туған жердің табиғаты мен кеңдігі мақтанышпен жырланады.

Жауабы:

8. (Қолдану – 9 балл)Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Жатты да кейде бауыр дер,
Жақсы қыз бенен жалынды ер.
Жиын той болса — бәрі ақын,*

Жау тисе, түгел — жауынгер!

А) Мейірбек Әбдіқалиевтің «Қызылқұм» кітабынан плынған бұл жолдарда тек Арқа өңіріндегі сұлу бойжеткендер мен батыр жігіттердің киім киінісі мен сыртқы сымбаты ғана этнографиялық детальдар арқылы суреттелген.

В) Күләш Ахметованың бұл толғауында қазақ халқының тарихи тағдыры мен ұлттық болмысы терең философиялық тұрғыда жинақталған.

С) Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегідей, мұндағы «жалынды ер» бейнесі арқылы тек ежелгі түркі дәуіріндегі қағандардың жорықтары мен орта ғасырлық шапқыншылықтардың хронологиялық тізбегі ғана баяндалған.

Д) Фариза Оңгарсынованың «Оюлар» өлеңінен алынған бұл үзіндіде тек қазақ әйелдерінің қолөнері мен текемет бетіне түскен өрнектердің мағынасы ғана лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысы арқылы жеткізілген.

Жауабы:

9. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*Шықшы тауға, қарашы кең далаға
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?*

А) Қасым Аманжоловтың бұл өлеңінде туған жерге деген шексіз махаббат пен перзенттік тағзым бейнеленген.

Өлеңде табиғат көріністері арқылы адамның ішкі сезімі, туған жерге деген махаббат пен рухани байланысы бейнеленген.

В) Өлең тек адамның жалғыздық сезімі мен өмірдегі өкінішін сипаттайды, туған жерге еш қатысы жоқ.

С) Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі философиялық ой мен білімге шақыруға арналған, табиғат бейнесі тек көркемдік құрал ретінде берілген.

Д) Қадыр Мырза Әлінің «Туған жер» өлеңінде «тарихтың денесіндегі тыртықтар», туған өлкенің басынан кешкен ауыр тағдыры мен табиғаттың қолайсыздығына деген өкініш пен мұңды сарын басым.

Жауабы:

10. (Қолдану – 9 балл) Берілген өлең жолдарына қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*«Іздеймін деп «Жерұйық», желдей желген
Асанқайғы емеспін, Қасыммын мен.
Қорқыт та емен елсізде, көр басында
Қобызымен сырласып күңіренген».*

А) Қалқаман Сариннің «Көктем» өлеңінде табиғаттың оянуы мен құстардың келуі арқылы ақынның ішкі сағынышы мен нәзік лиризмге толы сезімдері ғана суреттеліп, тарихи тұлғалар тек символдық деталь ретінде қолданылған.

В) Қасым Аманжоловтың бұл өлеңінде ақын өзін өткен заманның мұңды кейіпкерлеріне қарама-қарсы қояды. Ол бақытты мекенді сырттан іздемей, өз Отанын «Жерұйыққа» балап, «күңіренген» емес, өз елінде «өзендей гүрілдеп» еркін өскен, оптимистік рухтағы жаңа дәуір ақынының асқақ тұлғасын танытады.

С) С.Мәуленнің «Аруана дүние» толғауы Маңғыстау өңірінің мифологиялық аңыздары мен көне дәуірдің сопылық ілімдері арқылы ақынның дүниеден баз кешкен мистикалық толғаныстары ғана баяндалған.

Д) Бауыржан Бабажанұлының «Аспан» өлеңінде Асанқайғы мен Қорқыт бейнелері арқылы қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтардың құлдырауы мен заманауи адамның жалғыздығы ғана философиялық тұрғыда сынға алынған.

Жауабы:

19-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«...Түн ортасы ауған шақ. Бір кезде оның қасына зу етіп бір бала жүгіріп келді де, әйелдің сөмкесін иығынан жұлып алды. Сөмкенің ауырлығынан өзін ұстап тұра алмаған бала етпетінен құлап, аяғы көкке шаншылды. Әйел еңкейіп, баланы жейдесінің жағасынан шап беріп ұстады да, сілкілеп тұрғызды. Оның ашуланғаны сондай, баланың иегі сақылдап, тісі-тісіне тимей қалды...»

А) Бұл үзінді Эрих Мария Ремарктың «Батыс майданында өзгеріс жоқ» романынан алынған. Мұнда соғыс кезіндегі аштық пен жоқшылықтың кесірінен ұрлыққа барған жас сарбаз бен қатал командирдің арасындағы психологиялық қақтығыс суреттеледі.

В) Бұл үзінді Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» романына тиесілі. Мұнда рыцарлық идеялармен уланған кейіпкердің жол бойында кездескен бейтаныс

әйелді «айдаһар» деп қабылдап, оның мүлкіне шабуыл жасаған сәті юморлық тұрғыда сипатталған.

С) Бұл үзінді Лэнгстон Хьюздің «Рақмет сізге, анашым» әңгімесінен алынған. Мұнда Луэлла Бейтс есімді қарулы әйел мен оның сөмкесін ұрламақ болған Роджер есімді баланың алғашқы кездесуі баяндалады. Бұл оқиға кейіпкердің қылмыс жасаған балаға қаталдық емес, адамгершілік пен кешірімділік арқылы тәрбие беруіне негіз болады.

Д) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасынан алынған бұл бөлімде Ауғанстандағы көше балаларының тағдыры мен үлкендер тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қысым мен мейірімсіздік нышандары реалистік бояумен берілген.

Жауабы:

2. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«Дүниенің жүзінен қолыңа күндіздің өзінде шырақ алып іздесең, мұнша адамы аз, бірақ халқы көп жерді таппассың... Менің білетінім сол біздің жерде бір арбада келе жатқандар бес тілде сөйлесуі мүмкін де, егер жол айрығына бес арба келіп тоқтаса, онда отыз тілде сөйлесіп кете береді».

А) Шыңғыс Айтматовтың «Қассанда таңбасы» романынан алынған бұл үзіндіде жаһандану дәуіріндегі тілдердің жойылу процесі мен адамдардың бір-бірін түсінуден қалуы, рухани жалғыздық мәселесі ғана сынға алынған.

В) Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» шығармасындағы бұл жолдар Дағыстан өлкесінің таңғажайып этнографиялық бейнесін ашады. Автор «адамы аз, бірақ халқы көп» деген парадокс арқылы шағын ғана таулы өлкені мекен еткен көптеген ұлттар мен ұлыстардың, олардың сан алуан тілдері мен бай мәдениетінің біртұтастығын, достығы мен өміршеңдігін асқан мақтанышпен суреттейді.

С) Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романынан алынған бұл бөлімде Макондо ауылына келген сығандардың түрлі тілде сөйлеуі мен сыртқы әлемнен оқшауланған қауымның мифологиялық танымы ғана баяндалған.

Д) Орхан Памуктың «Менің атым — Қызыл» туындысындағыдай, мұндағы «отыз тілде сөйлесу» бейнесі тек орта ғасырлық Шығыс суретшілерінің шеберханасындағы түрлі мәдениеттердің қақтығысы мен өнердегі бағыттардың таласын ғана меңзейді.

Жауабы:

3. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«Үстіне су жаңа шинель киіп, қолына түйіншек ұстаған полиция надзирателі Очумелов базар алаңын кесіп өтіп жатты. Оған ілесе аяңдап жирен қалабасы келеді... Дүкендер мен кабактардың есіктері жарық дүниеге аранын ашқандай шалқасынан ашылып, тұнжырай қарап қалыпты...»

А) Виктор Гюгоның «Аластатылғандар» романынан алынған бұл үзіндіде Париж көшелеріндегі қайыршылар мен полиция инспекторы Жавердің арасындағы қатал текетірес пен әлеуметтік теңсіздік мәселесі ғана реалистік бояумен суреттелген.

В) Антон Чеховтың «Хамелеон» әңгімесіндегі бұл жолдар оқиғаның басталуын сипаттайды. Автор «су жаңа шинель» мен «тұнжыраған дүкендер» сияқты детальдар арқылы сол кездегі қоғамның өліара тыныштығын, шенеуніктердің сес көрсетуін және кейіпкердің (Очумеловтың) кейіннен ит иесінің дәрежесіне қарай құбылып отыратын жағымпаз мінезін ашуға негіз қалайды.

С) Франц Кафканың «Құбылу» повесінен алынған бұл бөлімде Грегор Замзаның жәндікке айналғаннан кейінгі полицияның тінту жүргізуі мен адамның жатсынуы, экзистенциалдық дағдарысы ғана философиялық тұрғыда баяндалған.

Д) Халед Хоссейнидің «Мың асқақ күн» шығармасындағыдай, мұндағы «базар алаңы» бейнесі арқылы тек соғыстан кейінгі Ауғанстан қалаларындағы қираған дүкендер мен заңсыздыққа тап болған адамдардың трагедиялық тағдыры ғана сипатталған.

Жауабы:

4. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«— Билл! — деп дауыстады тағы да. Бұл — пәлеге ұрынған адамның жанұшырған айқайы болатын, амал қанша, Билл мойнын бұрған да жоқ... Билл жарқабақтан әрі асып, мүлдем көрінбей кеткенше бақылауын қойған жоқ. Содан кейін ғана теріс айналып, Билл өзін жапа-жалғыз қалдырып кеткен маңайдағы өлі кеңістікке асықпай әрі енжар көз жүгірткен».

А) Даниель Дефоның «Робинзон Крузо» романынан алынған бұл үзіндіде кеме апатынан аман қалған Робинзонның өзімен бірге құтқарылмаған жолдастарына деген өкініші мен аралдағы алғашқы жалғыздық сәттері ғана баяндалған.

В) Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінен алынған бұл бөлімде қарт Сантьягоның мұхитта алып балықпен жалғыз алысуы мен оған көмекке келмеген ауылдас балықшыларға деген іштей назы мен кәріліктің қасіреті ғана философиялық тұрғыда суреттелген.

С) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасындағыдай, мұндағы «Биллдің мойын бұрмауы» — екі достың арасындағы балалық кездегі реніш пен Ауғанстандағы соғыс жағдайындағы саяси көзқарастардың алшақтығынан туған кикілжіңнің көрінісі ретінде сипатталған.

Д) Джек Лондонның «Өмірге күштарлық» әңгімесіндегі бұл жолдар адам табиғатының сын сағаттағы сатқындығы мен жалғыз қалған кейіпкердің тағдыр талқысына түскен сәтін сипаттайды.

Жауабы:

5. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«Мен шындығын айтар болсам, — дейді ол. — Шешеммен екеумізге рас, өзімізге тиесілі ет беріледі, бірақ ол көбінесе тісіміз өтпейтін шандыр боп шығады... Қаршадай баланың үлкен адамша сөйлегені былай тұрсын, тіпті бетің бар, жүзің бар демей тепсініп тұр зой! — деп оны қатты жазғырады».

А) Джек Лондонның «Киш» әңгімесіндегі бұл жолдар әділетсіздікке қарсы шыққан жас баланың батылдығын көрсетеді. Автор Киштің «шандыр мен сүйек» туралы айтқан базынасы арқылы қауымдағы жесірлер мен жетімдердің аянышты халін, ал аңшылардың ашуы арқылы ескі мен жаңаның, әлсіз бен күштінің арасындағы тартысты баяндайды.

В) Марк Твеннің «Том Сойердің бастан кешкендері» романынан алынған бұл үзіндіде мектептегі тәртіпті бұзған Томның мұғалімімен сөзге келіп, өз достарын қорғауы мен бұзық балалардың сотқарлық мінездері ғана юморлық тұрғыда сипатталған.

С) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасындағыдай, мұндағы «баланың үлкендерге қарсы келуі» — Ауғанстандағы таптық бөлініс пен қызметші мен қожайын баласының арасындағы бітпес даудың тарихи көрінісі ретінде философиялық тұрғыда суреттелген.

Д) Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» туындысынан алынған бұл бөлімде ересектердің қиялының таяздығы мен баланың әлемді таза жүрекпен қабылдауы, адамдар арасындағы мейірімсіздік қана ертегілік сарында баяндалған.

Жауабы:

6. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*«Бұл даңғаза мағлұм батыс, шығысқа.
Жат жұрттарға күлкі болдық осы үшін.
Олар бізді шошқа дейді маскүнем,
Осы қылық шынымен-ақ тәп-тәуір
Іс, беделдің берекесін қашырды.
Ата-ананың еркінен тыс майып боп,
Іштен туган бейшарадай бейкүнә,
Не ақылды жеңетін жат мінездей,
Не бір кердең әдеттен тыс кербездей, —
Не тумыстан, не тұрмыстан жабысқан,
Осылардай соры зой бұл адамның.
Атақ-даңқтан, құдай берген құрметтен
Жұрт алдында жұрдай етпек осы да.
Зұлымдықтың татымы жоқ тамшысы
Ігілікті ірітеді бір сәтте. Өкінішті-ақ...»*

А) Иоганн Вольфганг Гётедің «Фауст» трагедиясынан алынған бұл үзіндіде Мефистофельдің адам баласын күнәға батыру үшін жасаған азғырулары мен Фаусттың ғылым жолындағы қателіктері ғана философиялық-мистикалық тұрғыда сипатталған.

В) Халед Хоссейнидің «Мың асқақ күн» шығармасындағыдай, мұндағы «батыс пен шығысқа мағлұм даңғаза» — Ауғанстандағы ескішілдік пен жаңашылдық арасындағы қақтығыс, әйелдердің құқықсыздығы мен отбасылық зорлық-зомбылықтың зардаптары ғана реалистік бояумен баяндалған.

С) Уильям Шекспирдің «Гамлет» трагедиясындағы бұл монолог кейіпкердің адам бойындағы «бір ғана мін» туралы көзқарасын білдіреді. Гамлет даниялықтардың маскүнемдігін мысалға ала отырып, адамның тумысынан не тұрмысынан жабысқан бір ғана кесірлі әдеттің оның бүкіл игі істерін, ақыл-парасатын және қоғамдағы беделін қалай жоққа шығаратынын ашына жырлайды.

Д) Фридрих Шиллердің «Қарақшылар» драмасынан алынған бұл бөлімде ағайынды Карл мен Франц Моорлардың арасындағы мұрагерлік талас пен әке алдындағы парыздың орындалмауы, адамның зұлымдыққа бет бұру себептері ғана әлеуметтік тұрғыда бағаланған.

Жауабы:

7. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*«Сүйген боп жылпос ұтты ма,
Шәкірті көне Фабластың;
Қызғаншақ шал да арбасты,
Мүйізді діндар мықты да,
Өз ісін өзі құп алды,
Жары мен асқа жұбанды...»*

А) Джордж Байронның «Дон Жуан» поэмасынан алынған бұл үзіндіде кейіпкердің Еуропа елдерін аралап жүріп, тек экзотикалық елдердің сұлуларына ғана ғашық болуы мен оның саяси еркіндік жолындағы күресі ғана романтикалық сарында баяндалған.

В) Михаил Лермонтовтың «Біздің заманның қаһарманы» романынан алынған бұл бөлімде Печориннің Кавказ тауларындағы Бэла есімді қызды ұрлап әкетуі мен оның жабайы табиғат аясындағы аңшылық қызықтары мен офицерлік өмірі ғана реалистік бояумен сипатталған.

С) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасындағыдай, мұндағы «жылпостық пен алдау» — Ауғанстандағы екі достың арасындағы сатқындық пен соғыс кезіндегі қиындықтардан аман қалу үшін жасалған амалдардың адамгершілікке жат қылықтары ретінде ғана бағаланған.

Д) Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы бұл жолдар Онегиннің жоғарғы қоғамдағы «нәзік сезімдер ойынының» хас шеберіне айналғанын көрсетеді.

Жауабы:

8. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

*«...Желдің әрбір самалымен ойнап береді зой. Ол рас еді, сәл жел соқса болды,
Қамыс еркелейді де, майыса түсіп, ойнақшып салады. – Ол үйде отыруды
жақсы көрсе, мен саяхаттауды жақсы көремін... Қалай, менімен бірге ұшасың
ба? – деп сұрады ақыры ол, бірақ Қамыс тек басын ғана шайқады...»*

А) Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» ертегісінен алынған бұл үзіндіде Кішкентай ханзада мен оның планетасындағы Раушан гүлінің арасындағы түсініспеушілік пен саяхатқа шығу алдындағы қоштасу сәті ғана символдық тұрғыда баяндалған.

В) Оскар Уайльдтың «Бақытты ханзада» ертегісіндегі бұл жолдар Қарлығаш пен Қамыстың арасындағы сезімдік қайшылықты көрсетеді. Автор кейіптеу арқылы Қарлығаштың еркіндікке құштарлығы мен Қамыстың өз орнына (үйіне) адалдығын суреттейді.

С) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасындағыдай, мұндағы «бірге ұшудан бас тарту» — Ауғанстандағы соғыс кезінде елден қашқысы келмеген халықтың патриоттық сезімі мен туған жерге деген шексіз махаббатының ғана көрінісі ретінде философиялық тұрғыда сипатталған.

Д) Ганс Христиан Андерсеннің «Түйме қыз» ертегісінен алынған бұл бөлімде Түйме қыздың қарлығашпен бірге жылы жаққа ұшып кетуі мен кроттың інінде қалып қойған тышқанның қызғаншақтығы ғана мифологиялық сарында суреттелген.

Жауабы:

9. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«Менің екі ағам болды. Біреуі... Дюнкирхен түбінде испандарға қарсы жүргізген соғыста қаза тапты. Ал екіншісінің не болғанын білмеймін, хабар-ошарсыз жоқ болды, ақырында өзім де соның жолын құдым. Менің де қайда кетіп, қайда тұрғанымды ата-анам білмей қалған жоқ па...»

А) Джонатан Свифттің «Гулливердің саяхаттары» романынан алынған бұл үзіндіде Лемюэль Гулливердің теңізші болуына оның ағаларының әскери ерліктері мен алыс елдерден әкелген алтын-күмістері туралы әңгімелері ғана басты себеп болғаны сипатталған.

В) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасындағыдай, мұндағы «хабарсыз кеткен аға» — Ауғанстандағы соғыс кезінде елден қашқан бауырлардың бір-бірін таба алмай қалуы мен отбасылық сағыныш пен өкініштің ғана көрінісі ретінде реалистік бояумен баяндалған.

С) Даниель Дефоның «Робинзон Крузо» романындағы бұл жолдар кейіпкердің мазасыз рухы мен саяхатқа деген құштарлығының бастауын көрсетеді.

Д) Жюль Верннің «Капитан Гранттың балалары» романынан алынған бұл бөлімде Роберт пен Мэридің әкелерін іздеп «Дунканда» саяхатқа шығуы мен олардың әскери қызметтегі туыстарының ерліктері ғана шытырман оқиғалы сарында суреттелген.

Жауабы:

10. (Қолдану – 9 балл) Берілген үзіндіге қатысты дұрыс тұжырымды анықта.

«Кемпір көзілдірігін мұрнының ұшына түсірді де... Кереуеттің астынан мысықтан өзге ештеңе табылмады. – Өмірімде мұндай бала көрсем, көзім шықсын! Ол ашық есікке жақындап... помидорын арамшөп басып кеткен өзінің бақшасына қарады. Ол маңда да Том көрінбейді...»

А) Даниель Дефоның «Робинзон Крузо» романынан алынған бұл үзіндіде Робинзонның балалық шағы мен оның қатал әжесінің тәрбиесі, болашақ саяхатшының үй шаруасына қырсыздығы мен бақша өсіруге деген зауқының жоқтығы ғана реалистік бояумен суреттелген.

В) Марк Твеннің «Том Сойердің бастан кешкендері» романындағы бұл жолдар шығарманың экспозициялық басталуын сипаттайды.

С) Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуғандар» шығармасындағыдай, мұндағы «баланың тығылып қалуы» мен «кемпірдің ашуы» — Ауғанстандағы соғыс зардабынан жетім қалған балалар мен оларды бағып отырған қарттардың арасындағы ауыр әлеуметтік жағдай мен аштықтың ғана психологиялық көрінісі ретінде баяндалған.

Д) Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» ертегісінен алынған бұл бөлімде ересектердің «көзілдірік арқылы ғана көретін» шектеулі танымы мен баланың шексіз қиялының арасындағы қақтығыс, адамдардың бақшадағы гүлдерге мейірімсіз қарауы ғана символдық тұрғыда бағаланған.

Жауабы:

20-СҰРАҚ

1. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.*

- А) қайталау, антитеза
- В) теңеу, метафора
- С) эпитет, гипербола
- Д) арнау, кейіптеу

Жауабы:

2. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.

- A) теңеу, кейіптеу
- B) метафора, гипербола
- C) қайталау, арнау
- D) антитеза, эпитет

Жауабы:

3. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

- A) теңеу, гипербола
- B) арнау, эпитет
- C) метафора, қайталау
- D) кейіптеу, антитеза

Жауабы:

4. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

- A) Кейіптеу, метафора
- B) Литота, арнау
- C) Антитеза, эпитет
- D) Теңеу, гипербола

Жауабы:

5. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

*Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан.*

- A) метафора, теңеу
- B) метафора, астарлау
- C) эпитет, гипербола
- D) кейіптеу, антитеза

Жауабы:

6. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

*Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,*

- A) эпитет, қайталау
- B) теңеу, кейіптеу
- C) метафора, антитеза
- D) гипербола, арнау

Жауабы:

7. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

*Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы,*

- A) антитеза, қайталау
- B) теңеу, кейіптеу
- C) метафора, эпитет
- D) арнау, гипербола

Жауабы:

8. (Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

- A) гипербола, арнау
- B) теңеу, метафора
- C) кейіптеу, антитеза
- D) эпитет, қайталау

Жауабы:

9. Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

Ішім өлген, сыртым сау,

- A) антитеза, метафора
- B) теңеу, эпитет
- C) кейіптеу, гипербола
- D) арнау, қайталау

Жауабы:

10. Қолдану – 9 балл) Абай өлеңіндегі төмендегі жолдарда қандай көркемдік тәсілдер қолданылған?

*Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.*

- A) қайталау, кейіптеу
- B) теңеу, эпитет
- C) антитеза, метафора
- D) гипербола, арнау

Жауабы:

21–25 СҰРАҚТАР

1-КӨРКЕМ МӘТІН

21–25-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

Бір... екі...

Жағалау бойымен асықпай аяңдап бара жатқан қарияның ойы артынан естілген дауыстан бөлініп кетті. Жалт бұрылып қараса, тоқаштай дөңгелек жүзіне бір уыс күнжіт шашып жібергендей секпілі бар кішкентай балақай ізін басып келеді екен. Қарияның бұрылғанын көрген бала кілт тоқтады. Қария жаймен ғана жымып, басын шайқады да, жолын жалғастырды. Артынан шыққан дыбысқа құлақ түрді. Тыныштық...

Біраздан соң әлгі дауыс қайта естілді.

— Бір, е-к-і, ү-ш-ш-ш...

Қария тапжылмай тұрып қалды. Күтпеген жерден қарияға соғылып қалған балақайдың жанарындағы қорқыныш бір сәтте қулық аралас ойынпаздыққа алмасты.

— Ал, бұлай әлі қаншаға дейін жалғастырмақсың? — деп сұрады қария әдейі қабағын түйіп.

Бала иығын қиқаң еткізіп, екі қолын жайып, айыпты жандай жымыя берді. Бұны көрген қарияның жүзіндегі жасанды қатаңдықтан нышан да қалмады:

— Неге менің адымымды санап келесің, ботам? — деді ол биязылықпен.

— Өзіңіз ше, өзіңіз санап келе жатқан жоқсыз ба? — деді бала балалыққа салып, сауалға сауалмен жауап қайырып.

— Санап келе жатқан жоқпын... — деді қария ауыр күрсініп, — мен балалығымды іздеп жүрмін...

Бала қарияның бірден мұңайып қалғанын түсіне алмай, бір сәт аңтарылып тұрып қалды. Сосын басқа ермек тапты-ау шамасы, жағалау бойымен шапқылай жөнелді.

Қария жағадағы орындықтардың біріне барып жайғасты. Толқындар оның қиялын иығына арқалап, алыстарға алып кетті. Ал бала болса, бірде аяғына келіп соғылған толқындармен ойнап, бірде жағаға шығып қалған бақалшақтарды теріп жүрді.

Кенет бала толқын бетінде қалқып жүрген жылтыр бір нәрсені көріп қалды. Теңіздің бұл жұмбақ затты жағаға шығарып тастауын біраз күтті, бірақ тағаты таусылды ма, әлде қызық жеңді ме, өзін суға атты.

Әлгі жұмбақ зат үстін қалың жасыл мүк басқан шыны құты екен. Аузы мықтап бекітілген құтыны ашуға қанша тырысса да, шамасы жетпеді. Ақыры қарияға қарай жүгірді:

— Қараңызшы, не тауып алдым! — деп құтыны қарияның дірілдеген қолдарына ұстатты.

— Тезірек ашыңызшы, ішінде не бар екен?!

Балауызбен бекітілген қақпақ оңайлықпен ашыла қоймады... ...Ақыры құтының ішінен шиыршықталған қағаз шықты.

Қария дірілдеген саусақтарымен орамды әрең жазды. Қағазды көзіне жақындатып әкелді. Қисайған жазуларды оқи бастағанда жүзіндегі әжімдері жазылып, жадырап сала берді. Көмескі тартқан, жанары дымқыл көздерінде бір ұшқын жарқ ете қалғандай болды. Біраз уақытқа дейін тілі күрмеліп, ештеңе айта алмады. Көзінен сорғалаған жас әжімдерінің арасымен ағып, арық иегіне дейін жетті...

— Шынымен бұл сол ма... мүмкін емес... — деді ол қарлыққан дауыспен. Сосын ештеңені түсінбей, таңырқай қарап тұрған балаға бұрылып:

— Сен Жюль Вернді оқып па едің? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді балақай иығын қомдап.

— Біз үш дос едік, — деді қария аз-кем үнсіздіктен соң сөзін бастап.

— Үнемі бірге жүретінбіз. Бірге сабақ дайындап, бірге кітап оқитынбыз. Сүйікті шығармамыздың кейіпкерлеріне ұқсағымыз келетін. «Капитан Гранттың балаларын» оқып болған соң, біз де хат жаздық. Тек шығарма кейіпкері көмек

сұрап хат жазса, біз өз армандарымызды қағазға түсірдік. Сосын балалығымыз бен естеліктерімізді осы құтыға салып, толқындарға табыстаған едік...

Наргиза Әзім

21. (Білу – 8 балл) Мәтін мазмұнын толық қамтитын тақырыпты (тақырыптарды) анықта.

- A) «Үш дос»
- B) «Балалығыңызды іздейміз»
- C) «Толқындар»
- D) «Жағалаудағы оқиға»
- E) «Толқындар қайтарған балалық»

Жауабы:

--	--	--	--	--

22. (Қолдану – 9 балл) Мәтіндегі образдар мен олардың рухани күйіне берілген дұрыс сипаттаманы (сипаттамаларды) анықта.

1. Бала — өмірдің серпінділігі мен пәктігінің символы, оның дүниетанымы әлі философиялық салмақтан ада.
2. Қария — кейде ашуын жеңе алмаса да, сезімге бай, қызыққыш және мейірімді образ.
3. Бала — жуас және еліктегіш образ, үлкендерге еліктегенімен, оларды түсінгісі келмейді.
4. Қария — балалық шақтағы армандарын ұмытқан, тек бүгінгі күнмен өмір сүргісі келетін образ.

Жауабы:

--	--	--	--

23. (Қолдану – 9 балл) Мәтіндегі оқиғалардың даму реттілігі дұрыс көрсетілген жауапты жаз.

1. Қария дірілдеген саусақтарымен орамды әрең жазып, қағазды көзіне жақындатады.
2. Қария жағадағы орындықтардың біріне барып жайғасады, толқындар оның қиялын иығына арқалап, алыстарға алып кетеді.
3. Қарияның бұрылғанын көрген бала кілт тоқтайды, ал қария жаймен ғана жымысып, басын шайқайды да, жолын жалғастырады.
4. Қария балақайға «Капитан Гранттың балаларын» оқып болған соң, достарымен бірге хат жазғаны туралы айтып береді.

Жауабы:

--	--	--	--

24. (Пайымдау – 14 балл, қысқа жауапты) Мәтінді оқи отырып, қандай тұжырымға (тұжырымдарға) келуге болатынын анықта.

- 1-тұжырым: Кездейсоқтықтар адамды бақытты ете алмайды.
- 2-тұжырым: Адам қартайғаннан кейін өмірлік қызығушылықтарға мұқтаждық сезінбейді.
- 3-тұжырым: Өмірдегі әрбір кездесудің өз хикметі бар, яғни кездейсоқтықтар кездейсоқ емес.
- 4-тұжырым: Адам өз өткенімен, армандарымен және құндылықтарымен байланыста болғанда ғана шынайы жан тыныштығына жетеді.

Жауабы:

--	--	--	--

25. (Пайымдау – 16 балл, кеңейтілген жауапты) Әңгімені мәтін мазмұнына сәйкес жалғастыр. Өз ойыңызды 60-80 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

2-КӨРКЕМ МӘТІН

21 – 25-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

Полицей Джим Уэлс көшелерді аралап, күзетте жүрді. Ол денелі, бойшаң адам еді, нық басып, айналаны жіті бақылап келе жатты. Бір орамға жеткенде адымын баяулатып, темір бұйымдар дүкенінің алдында тұрған бір адамға кезікті. Өлгі адам полицейді көре сала сөйлей жөнелді:

— Бәрі дұрыс, сержант, досымды күтіп тұрмын. Біз бұл кездесуді осыдан жиырма жыл бұрын жоспарлаған едік. Сізге оғаш көрінгенімен, мән-жайды

түсіндіріп берейін. Бұрын бұл дүкеннің орнында «Ота Жо Бреди» мейрамханасы болатын.

— Оны бес жыл бұрын бұзып тастаған, — деді полицей.

Бейтаныс жан сіріңке жағып, темекісін тұтатқанда, оның төртбақ иегі, өткір жанары және оң қасының тұсындағы ақ тыртығы көрініп қалды. Жіңішке галстугіне тағылған ірі алмас көзді түйреуіші жарқ ете түсті.

— Осыдан жиырма жыл бұрын дәл осы мейрамханада досым Джим Уэлс екеуміз ас ішкенбіз. Екеуміз Нью-Йорк қаласында туған бауырлардай бірге өстік. Кейін мен батысқа кеттім. Ал Джимми Нью-Йоркте қалды, ол бұл қаланы қатты жақсы көретін. Біз жиырма жылдан соң тура осы жерде кездесеміз деп келіскенбіз.

— Қызық екен, содан бері қанша уақыт өтіпті, досыңыздан хабар болды ма? — деп сұрады полицей.

— Басында бір-екі жыл хат жазысып тұрдық, кейін бірімізді-біріміз жоғалтып алдық. Бірақ оның уәделі жерге міндетті түрде келетініне сенімдімін. Біз мейрамхана алдында қоштасқанда сағат тура он еді, — деп бейтаныс адам сағатын шығарды. Сағаттың қақпағына ұсақ алмас тастар қондырылған екен.

— Батыста ісіңіз оңға басқан сияқты ғой, солай ма? — деді полицей.

— О-о, әрине, солай!

Поллицей:

— Жақсы, мен жүрейін.

— Иә, әлбетте, тағы жарты сағат күтемін. Сау болыңыз.

— Түніңіз тыныш болсын, сэр, — деп полицей жолын жалғастырды.

Әлсін-әлсін соққан жел үскірік аязға ұласты. Неше мың миль жол басып келген адам досына берген уәдесінде тұру үшін күтіп тұрды.

Жиырма минут өткен соң, бойы ұзын бір адам көшені асығыс кесіп өтіп, бейтаныс адамға қарай беттеді.

— Бұл сенбісің, Боб? — деп сұрады жаңа келген адам сеніңкіремей.

— Сен Джимми Уэлс емессің бе? — деп жауап қайтарды ол.

— О, Жаратқан-ай! — деді ұзын бойлы адам темекілі кісінің екі қолын өз алақанына алып.

— Қарашы, Боб екенің күндей айқын. Жиырма жыл — аз уақыт емес. Ал, айтшы, батыста қалай өмір сүрдің?

— Керемет. Ол жақта барлық мақсаттарыма жеттім. Сен болсаң мүлдем өзгеріп кетіпсің, Джим. Есімде, сен менен екі-үш дюймге аласа едің ғой.

— Иә, жиырмаға толғаннан кейін біраз бойым өсті.

— Сенің істерің қалай, Джимми?

— Жаман емес, қалалық мекемелердің бірінде қызмет етемін. Жарайды, Боб, жүр, бір жерге барып сөйлесейік.

Олар жолға шықты. Боб батыста қалай жолы болғаны, дәулеті тасығаны туралы тоқтаусыз әңгімеледі. Басын жағасына тығып алған серігі оны қызығушылықпен тыңдап келе жатты.

Орамдағы дәріхананың шамы жылтырап тұр екен. Жарыққа жақындағанда, екеуінің де көзі бір-бірінің жүзіне түсті. Батыстан келген адам кілт тоқтады.

— Сіз Джим емессіз. Жиырма жыл — ұзақ мерзім, бірақ адамның қыр мұрны түймедей болып қалатындай ұзақ емес.

— Бұл мерзімде жақсы адам да алаяққа айналуы мүмкін, — деді ұзын бойлысы. — Былай, Боб, сіздің тұтқындалғаныңызға он минут болды. Чикаголықтар сізді осы жерден ұстауға болатынын айтқан еді. Артық шу шығармағаныңызға ризамын. Енді сізді полицияға тапсырмас бұрын бір хат беремін. Оны осы жерде оқыңыз. Мұны маған полиция күзетшісі Джим Уэлс берді.

Батыстан келген адам хатты оқып болғанда, қолдары сәл дірілдеп кетті. Хат қысқа ғана еді:

«Боб! Мен белгіленген жерге уақытында келдім. Сен сіріңке жаққанда, мен Чикаго іздеп жатқан қылмыскер сен екеніңді танып қойдым. Сені өз қолыммен тұтқындай алмадым, сондықтан өз орныма басқа агентті жібердім. Джимми».

О. Генри

21. (Білу – 8 балл) Мәтін мазмұнын толық қамтитын тақырыпты (тақырыптарды) анықта.

- A) «Чикагодағы кісі өлтіру»
- B) «Адал дос»
- C) «Жиырма жылдан кейін»
- D) «Жұмбақ хат»
- E) «Босқа кеткен уақыт»

Жауабы:

--	--	--	--	--

22. (Қолдану – 9 балл) Мәтінде сипатталған образдар мен олардың рухани күйіне берілген дұрыс анықтаманы (анықтамаларды) анықта.

1. Джим Уэлс — суыққанды және салмақты полицей, борыш пен ар-ұждан арасында қалып, бірақ қате таңдау жасаған кейіпкер.
2. Боб — жүзіндегі тыртығына қарағанда қылмыс әлеміне қатысы бар, үлкен байлық иесі, демек, пысық адам, Джимді алдап соғу үшін Нью-Йоркке оралған.
3. Жергілікті агент — Джим Уэлстің әріптесі, адамдарды алдаудың майын ішкен, бірақ өз ісіне жауапсыз қарайтын қызметкер.
4. Джим Уэлс — өз кәсібіне адал, міндеттерін дұрыс түсінетін, сонымен бірге достықты да бағалайтын адам.

Жауабы:

--	--	--	--

23. (Қолдану – 9 балл) Мәтіндегі оқиғалардың даму реттілігі дұрыс көрсетілген жауапты жаз.

1. Бұрынғы екі дос Боб пен Джим Уэлс мейрамханада тура жиырма жылдан кейін кездесуге және бір-біріне өз өмірлері мен жетістіктері туралы айтып беруге келіседі.
2. Джим Уэлс Чикаго полициясы іздеу жариялаған қылмыскер Бобты өзінің тікелей қатысуынсыз тұтқындатты.
3. Боб ескі досы Джимді өзімен бірге батысқа кетуге көндіре алмаған соң, өзі кетіп, үлкен байлық жинайды; Джим болса осы аралықта Нью-Йорк полициясына жұмысқа орналасады.
4. Джим 20 жыл бұрын Бобпен келісілген кездесуге уақытында келеді, бірақ досының іздеудегі қылмыскер екенін таниды.

Жауабы:

--	--	--	--

24. (Пайымдау – 14 балл, қысқа жауапты) Мәтінді оқи отырып, қандай тұжырымға (тұжырымдарға) келуге болады?

1-тұжырым: Адамдар ең алдымен өз борышына адал болуы керек, қалған міндеттер екінші орында тұруы тиіс.

2-тұжырым: Қылмыстық іс-әрекеттер арқылы келген байлық адамның мәртебесін көтермейді.

3-тұжырым: Кез келген адамға сеніп, сыр айтпас бұрын, әрине, бұл туралы ойланып көру керек.

4-тұжырым: Кейбір мемлекеттерде үлкен байлыққа ие болған адамдардың адал байығанына күмәнмен қарайды.

Жауабы:

--	--	--	--

25. (Пайымдау – 16 балл, кеңейтілген жауапты) Әңгімені мәтін мазмұнына сәйкес жалғастыр. Өз ойыңды 60-80 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

3-КӨРКЕМ МӘТІН

21–25-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

Әзиза апай сөреде жатқан еді. Үстіне келіп қалған көршісі Лазақатханның мінезі сәл қыңырлау болатын. Соған қарамастан, көршісінің науқастанып, дiмкәс болып жатқанын көріп, жаны ашып кетті:

— Иә, әпкетай, сiзді қонақтарымды тәтті әңгіменiзбен қуантады деп шақырсам, шықпадыңыз ғой. Не болып қалды? Әзиза апай денесін әрең көтеріп, амандасқан соң, құяңы (буын ауруы) қозып, қимылдай алмай қалғанын айтып, кешірім өтінді. Көршісі науқастың бiлегін ұстап көріп, тамыр соғысының жүйесіз екенін сезді.

— Өзiңiздi тым күйзелтiп алған шығарсыз... Сiзге қазiр кiм қарап жатыр өзi? Балалар қайда?

— Кетiп қалған...

— Қайда?

— Әлгi... Жаңа жерге...

— Қандай жаңа жер?

Әзиза апай көршісінің мінезін бiлетiн, ол бiр нәрсеге қызықса, түбiне жетпей қоймайтын. Келiнiнiң әкесi пәтер алып бергенiн, ұлы отбасымен сол жаққа көшiп кеткенiн айтып бердi. Бұны естiгенде Лазақатханның зығырданы қайнап кеттi.

— Отағасыңыз да ештеңе демей, рұқсат бердi ме?

— Отағасы бiлмейдi. Иссапарда жүр едi.

— Солай екен-ау, балаларыңызға: «Әкелерiң келсiн, менi жалғыз тастап кетпеңдер», — деп айтпадыңыз ба?

— Айтқанмын. «Жиi келiп тұрамыз» дестi. «Әзiрге қасыңызда болсын» деп, кiшкентай қызын қалдырып кеттi.

Сол сәтте ас үйден титтей ғана қыз бала шәйнек көтеріп келдi.

— Кiшкентайдың қасыңызда болғаны жақсы-ақ, бiрақ ас-ауқатыңды iстеп, ауруыңа ем бола алмайды ғой ол! Перзенттерiңнiң осыны ойламағаны қызық екен. Келiнiңiз бетсiздiк қылса, ұлыңыз аяуы керек едi ғой! Лазақатхан дәрігер шақырту керектiгiн айтты да, Өктемнiң жұмыс орнының телефон нөмiрiн сұрап алып, өз үйiне шығып кеттi.

Көп ұзамай көршiнiң қызы келдi. Аулаға су сеуiп жатқанда, Әзиза апайдың дауысы шықты:

— Ой, Дана қызым, неге әуре болып жатырсың?

— Тәуiрсiз бе, апай? Сiзге көмектесуге шыққанмын. Осылай дедi де, ас үйге кiрiп тамақ iстедi.

Бiр уақытта Лазақатхан шығып, қызының iстерiн бақылап, мақұлдағандай ишарат еттi. Әпкесiне деген мазасыздығын жасыра алмады:

— Ұлыңыздың жұмысына екi-үш рет қоңырау шалып, таба алмадым. Бiр жаққа кетiп қалды дедi. Оларға: «Өктемнiң анасы ауырып жатыр, тез жетсiн», — деп тапсырып қойдым, — дедi де, Дананы науқастың қасында қонуға қалдырды.

Ертесiне ол дәрігер шақыртқан соң, ештеңе бiлмегендей сыптай болып Өктем кiрiп келдi. Есiк алдында «Жедел жәрдемдi», үйде дәрігер мен Лазақатханды көрiп, зәресi ұшқан жiгiт өзiн әрең басып:

— Иә, анашым, сiзге не болды? — дедi.

— Сәл мазам қашты.

Өпкесінің ұлына көрсеткен жұмсақтығын көрген көршісі: «Шыныңызды айта бермейсіз бе?» — деп кейіді. Сосын Өктемге бұрылды: «Сәл ғана мазасы қашқан жоқ. Құяңы бар. Қан қысымы тағы бар. Осы аурулары бұрыннан бар екенін білмеуші ме едің? Осы жарымжан ананы қалайша жалғыз тастап кеттіңдер?!»

Өктем бұл жазғыруды естігенде, екі қолын кеудесіне қойып, жасанды күлкімен:

— Солай болып қалды, апатай. Айыпқа бұйырмаңыз, — деді.

— Иә, өз қара басыңнан аса алмай қалыпсың ғой. Білемін, кейбіреулер өз пайдасын бірінші орынға қойып, рақатқа беріліп кетеді де, перзенттік парызын ұмытады. Сен де сондай безбұйрек, бетімен кеткендердің қатарына кіргенің бе?!

— Егер менен қателік кетсе, кешіріңіз, апатай!

— Әкең салып берген бұл үй тарлық қылды ма? Көшіп кетулеріңе ата-анаң риза болып па еді?

Өктем мұндай қиын сұрақтан сасып қалды.

— Енді... Апатай... Онша қарсылық білдірмеген еді...

— Солай де... — деді Лазақатхан күмәндана қарап. Сосын Әзиза апайға «сіз не дейсіз» дегендей бұрылды. Әзиза апай:

— Иә, енді... Солай... Болар іс болды... Қайда болса да аман болсын, — деп, шындықтың бетін бүркеп жауап қатты.

Бұл жауап Лазақатханды қанағаттандырмады. Үйіне шығып бара жатып, Өктемді ымдап шақырды да, былай деді:

— Сұрағыма тура жауап бермедің, балам. Әкең іссапардан қайтсын, сөйлесейік, ол кісі не дер екен?..

Өктем бұны салмақты ескертудей қабылдады, жүрегіне қорқыныш ұялады...

Хәкім Нәзір

21. (Білу – 8 балл) Мәтін мазмұнын толық қамтитын тақырыпты (тақырыптарды) анықта.

- A) «Мейірімсіз перзент»
- B) «Қайтар дүние»
- C) «Келіннің зары»
- D) «Көршің тыныш — сен тыныш»
- E) «Дертті берген Алла шипасын да береді!»

Жауабы:

--	--	--	--	--

22. (Қолдану – 9 балл) Мәтінде сипатталған образдар мен олардың жан дүниесіне берілген дұрыс сипаттама(лар)ды анықта.

1. Әзиза апай — жұмсақ мінезді, балаларының бақыты үшін өзін аямайтын, мейірімді ана.

2. Лазақатхан — өз мұңын сыртқа шығармайды, іштей өзінің ұл перзенті жоқтығынан азап шегеді.
3. Дана — анасының айтқан әрбір сөзін сөзсіз орындайды, бірақ қазан-ошаққа, асауқатқа келгенде икемсіздеу.
4. Өктем — әйелі мен анасының арасындағы келіспеушіліктің ортасында қалған, негізінде мейірімді, анасына күнде келіп тұратын ізетті перзент.

Жауабы:

--	--	--	--

23. (Қолдану – 9 балл) Мәтіндегі оқиғалардың даму реттілігі дұрыс көрсетілген жауапты жаз.

1. Лазақатхан Өктемнің жұмысына қоңырау шалып, анасының ауырып жатқанын және тез жетуі керектігін тапсырады.
2. Лазақатхан көршісі Әзиза апайдың халін білуге шығып, оған мейірімділік танытады.
3. Данахан Әзиза апайдың үйіне шығып, үйін жинап, тамағын пісіріп береді.
4. Өктем анасына қайырымсыздық жасағаны үшін Лазақатханнан ескерту естиді.

Жауабы:

--	--	--	--

24. (Пайымдау – 14 балл) Мәтінді оқып, қандай тұжырымға (тұжырымдарға) келуге болады?

- 1-тұжырым: Көршілік қатынастар өзара мейірімділік пен жанашырлық сезімдеріне негізделеді.
- 2-тұжырым: Кейбіреулер еңбектен қашу үшін өздерін әртүрлі күйге салады.
- 3-тұжырым: Өкінішке орай, қоғамымызда ата-анасына мейірім көрсетпейтін, олар қартайып, әлсіреп, ауырған шағында жалғыз тастап кететін қайырымсыз перзенттер де кездесіп тұрады.
- 4-тұжырым: Жастар ата-анасынан бөлек тұруды жөн көреді, олар өз қиындықтарын ата-анасына жүктегісі келмейді.

Жауабы:

--	--	--	--

25. (Тұжырымдау – 16 балл) Әңгімені мәтін мазмұнына сай жалғастыр және қорытындыны жаз. Өз ойыңды 60-80 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

4-КӨРКЕМ МӘТІН

21–25-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

Полиция қызметкері Джим Уэлс көше бойын байыппен күзетіп келе жатты. Оның жүрісі нық, бойшаң денесіне сай аяқтарын сәл кере басып, айналаға қырағы көз тастайды. Бір орамға іліккенде ол қадамын бәсеңдетіп, темір-терсек сататын дүкеннің алдында тұрған адамды байқады. Әлгі адам полицейді көре сала, ақтала сөйлей жөнелді:

— Бәрі дұрыс, сержант, мен тек ескі досымды күтіп тұрмын. Біз осыдан жиырма жыл бұрын дәл осы жерде жолығуға уағдаласқан едік. Сізге оғаш көрінгенімен, мән-жайды түсіндіре кетейін. Бұрын бұл дүкеннің орнында «Отау Жо Бреди» мейрамханасы болатын.

— Оны бұзып тастағалы бес жыл болды, — деді полицей қысқа қайырып.

Бейтаныс жан сіріңке шағып, темекісін тұтатқан сәтте оның төртпақ иегі, өткір жанары және оң қасының тұсындағы ақ тыртығы көрініп қалды. Мойынға таққан жіңішке галстугіндегі ірі алмас түйреуіші оттай жарқ ете түсті.

— Жиырма жыл бұрын тура осы мейрамханада досым Джим Уэлс екеуміз кешкі ас ішкенбіз. Екеуміз Нью-Йорк топырағында туған бауырлардай бірге өстік. Кейін мен бақ іздеп Батысқа кеттім. Ал Джимми осы қаладан аттап баспады, ол Нью-Йоркті жанындай сүйетін. Біз жиырма жылдан соң, тура осы жерде, сағат онда кездесеміз деп серттестік.

— Қызық екен... Содан бері сонша уақыт өтті, досыңыздан хабар-ошар болды ма?
— деп сұрады полицей.

— Алғашқы бір-екі жылда хат жазысып тұрдық, кейін байланыс үзілді. Бірақ мен анық білемін, ол уәдеге берік, міндетті түрде келеді. Біз мейрамхана алдында қоштасқанда сағат тура он болатын, — деді де, бейтаныс адам қалтасынан сағатын шығарды. Сағат қақпағына ұсақ алмас тастар қондырылған екен.

— Батыста жолыңыз болған сияқты ғой, солай ма? — деді полицей оған қарап.

— О-о, айтпасаңыз да болады! Бағым жанды!

Полицей: — Жақсы, мен жүрейін.

— Иә, әрине. Мен тағы жарты сағат күте тұрамын. Сау болыңыз.

— Түніңіз тыныш болсын, мырза, — деп полицей өз жолымен кете барды.

Анда-санда ескен жел ызғарлы суыққа айналды. Мыңдаған шақырым жол жүріп келген жолаушы болса, досына берген серті үшін суыққа қарамастан тосып тұрды.

Арада жиырма минут өткенде, ұзын бойлы бір адам көшені асығыс кесіп өтіп, бейтаныс жанға беттеді.

— Бұл сенбісің, Боб? — деп сұрады жаңадан келген адам күмілжіп.

— Сен Джимми Уэлс емессің бе? — деп жауап қайтарды екіншісі.

— О, жасаған-ай! — деді ұзын бойлы адам темекі шеккен кісінің екі қолын бірдей қысып тұрып. — Қарашы, сенің Боб екенің күндей айқын. Жиырма жыл — әзіл емес. Ал, айта бер, Батыста қалай тұрдың?

— Керемет! Онда барлық мақсатыма жеттім. Ал сен мүлде өзгеріп кетіпсің, Джим. Есімде, сен менен екі-үш дюймге аласа едің ғой.

— Иә, жиырмадан асқан соң біраз бойлап өстім.

— Істерің қалай, Джимми?

— Жаман емес, қалалық мекемелердің бірінде қызметтемін. Жақсы, Боб, жүр, бір жерге барып емін-еркін сөйлесейік.

Олар жолға түсті. Боб Батыста жолы болғаны, дәулеті тасығаны туралы тоқтамай айтып келеді. Жағасын көтеріп алған серігі оны қызығушылықпен тыңдап келе жатты.

Орамдағы дәріхананың шамы жылтырап тұр екен. Жарыққа шыққанда, екеуінің де көзі бір-бірінің жүзіне түсті. Батыстан келген адам кілт тоқтады.

— Сіз Джим емессің. Жиырма жыл — ұзақ уақыт, бірақ адамның қыр мұрынын тәппи мұрынға айналдыратындай ұзақ емес.

— Бұл уақыт ішінде жақсы адамның алаяққа айналуы әбден мүмкін, — деді ұзын бойлысы. — Сөзге құлақ тұр, Боб, он минуттан бері сіз тұтқындасыз. Чикаголық полицейлер сізді осы жерден ұстау мүмкін екенін айтқан болатын. Артық шу шығармағаныңызға рақмет. Енді сізді бөлімшеге апармас бұрын, бір хат беремін. Осы жерде оқып шығыңыз. Мұны маған полиция күзетшісі Джим Уэлс беріп жіберді.

Батыстан келген адам хатты оқып болғанда, саусақтары дірілдеп кетті. Хат қысқа ғана еді: *«Боб! Мен белгіленген жерге уақытында келдім. Сен темекіңді тұтату үшін сіріңке шаққанда, мен Чикаго іздеп жатқан қылмыскер сен екеніңді танып*

қойдым. Сені өз қолыммен тұтқындауға дәтім бармады, сондықтан басқа агентті жібердім. Джимми».

О. Генри

21. (Білу – 8 балл) Мәтін мазмұнын толық қамтитын тақырыпты (тақырыптарды) анықта.

- A) «Екіжүзді адам»
- B) «Жергілікті агент»
- C) «Жиырма жылдан соң»
- D) «Оңаша көшелер»
- E) «Батыстық тыңшы»

Жауабы:

--	--	--	--	--

22. (Қолдану – 9 балл) Мәтінде сипатталған образдар мен олардың жан дүниесіне берілген дұрыс анықтаманы (анықтамаларды) анықта.

1. Полицей – шын мәнінде өзін танытқысы келмеген Джим Уэлс болатын, ол өз міндетіне адал, бірақ достықты қадірлемейтін жан.
2. Боб – жолы болғыш, іскер, Батыста біраз байлық жинаған, бірақ іздеуде жүрген тұлға.
3. Жергілікті агент – жұмыс бабымен өтірік айту керек болса тайсалмайтын, өз ісіне аса жауапкершілікпен қарамайтын образ.
4. Боб – Батыста материалдық жағынан жетістікке жеткен, өз жоспарлары туралы ашық айтатын, сенгіш және өте қарапайым кісі.

Жауабы:

--	--	--	--

23. (Қолдану – 9 балл) Мәтіндегі оқиғалардың даму реттілігі дұрыс көрсетілген жауапты жаз.

1. Жергілікті агент іздеудегі тұлға — Бобты тұтқындайды.
2. Боб пен Джим Уэлс тура жиырма жылдан кейін сағат 10-да кездесуге бір-біріне серт береді.
3. Джим Уэлс айтылған жерге өз уақытында келді, бірақ ол өзін Бобқа танытпады.
4. Джим бұрынғы досын — іздеудегі Бобты өзі тұтқындағысы келмеді және оған хат жазып, жергілікті агенттен беріп жіберді.

Жауабы:

--	--	--	--

24. (Пайымдау – 14 балл, қысқа жауапты) Мәтінді оқи отырып, қандай тұжырымға (тұжырымдарға) келуге болады?

1-тұжырым: Достық пен борыш (міндет) арасында таңдау жасау керек болғанда, нағыз адал жандар достықты емес, өз борышын бірінші орынға қояды.

2-тұжырым: Арам жолмен табылған байлық адамға жан тыныштығын сыйламайды.

3-тұжырым: Сіз дос деп санаған, бар сырыңызды сеніп тапсырған адам жеке мүддесі үшін сізге қиянат жасауы мүмкін.

4-тұжырым: Кейбір адамдар дұшпандықты басқа біреудің қолымен жасауы мүмкін.

Жауабы:

--	--	--	--

25. (Пайымдау – 16 балл, кеңейтілген жауап) Әңгімені мәтін мазмұнына сәйкес келетіндей етіп жалғастыр. Өз ойыңды 60–80 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

5-КӨРКЕМ МӘТІН

21–25-сұрақтар мәтін негізінде орындалады.

Хамроев сағат сегіз жарымда мектептегі ата-аналар жиналысына баруы тиіс еді; ұлы Хамдам мектептен хабарлама қағаз әкеліп берген. Ол бұрын-соңды мұндай жиналыстарға аяқ басып көрмеген, бірақ бұл жолы баруға бекінді. Ондағы ойы — бала тәрбиесінен хабары жоқ мұғалімдердің бетіне басып, ұятқа қалдыру. Бұл ниеті әйеліне де майдай жақты.

— Солай етіңіз, жер қылыңыз! Балалар мектепте оқыған сайын бетімен кетіп барады. Сіз үйде жоқ кезде Хамдамыңыздан маған күн жоқ. Бұрын ұрып-соғып жөнге салушы едім, қазір ұрайын десем, төбеге қашып шығып кетеді. Төбеде тұрып маған тілін шығарады.

Хамроев қойын дәптеріне бірдеңелерді түртіп қойды. — Ал, тағы не істейді? — Тағы ма... Тағысы сол, бір жылдан бері мені бір рет те «апа» дегенін естіген емеспін, үнемі «Турандот» дейді.

Хамроев қарқылдап күліп жіберді. Бұл лақапты әйеліне өзі қойған, кезінде бәрін күлдірген еді. — «Турандот» дейді ме? Бірақ мұны жиналыста айтуға болмас, әйтсе де, бір жағынан қарасақ, бала деген үлкендердің сөзін қайталамауы керек қой. — Мектепте соны үйретпесе, нені үйретеді? Құрғақ іліммен бала адам бола ма?

Хамроев тәрбиеге қатысты біраз ойларын жазып, қойын дәптерін толтырды да, соңында нық шешімге келді: — Мен бір қағазға оқымай қол қойсам, сен бір көйлектің жағасын қисық тіксең, жұмысқа салғырт қарағанымыз үшін жауап береміз. Онда неге бала тәрбиесіне салғырт қараған мұғалімге заң жоқ? Қане, шақыр мына Хамдамды!

Арғы бөлмеден жастығын құшақтап Хамдам шықты. — Отыр! Неге әдепсіздік қыласың? — Не істедім? — Не істегеніңді білмейсің бе? Неге апаң ұрғанда... мейлі, бұл да мейлі. Неге апанды «апа» демей... жоқ, неге төбеге шығып алып, апана... жалпы, төбеде не жоқ саған, жер көтермей ме? Мектепте саған осыны үйрете ме? Қане, дәптерлеріңді әкел!

Хамдам апасына жалтақтап қарады. — Мен қашан төбеде жүріппін? — Жоқ, төбені қоя тұр, маған дәптерінді көрсет! Оқу басталғалы неше «бестік» алдың? — Бірде-бір... жаман баға алған жоқпын. Міне... — Тоқтай тұр, қазір көреміз... «жақсы»... «орташа»... «орташа»... «Өте жақсы» қайда? Орыс тілінен неге «төрт»? — «Беске» жауап берсем де, мұғаліміміз «төрт» қояды. «Бестен» қарағанда «төрт» жақсы дейді.

— Әлі өтірік айтуды да үйренгенсің бе?! Бері кел! «Төрт» жақсы дейді ме? Хамдам өтірік айтудың мұндай соққы болып тиерін өмірінде бірінші рет көріп тұр еді, еңіреп жылап жіберді. — Маған қара! Саған өтірік айтуды кім үйретті? Собирахан араласты: — Қойыңызшы, енді өтірік айтпайды.

Хамроев баланың құлағынан тартып, өзіне қаратты. — Қане, шәйнектің қақпағы орысша қалай болады? Самаурынның шүмегі ше? Хамдам екеуін де білмеді, жылаған күйі бөлмесіне кіріп кетті. — Жоқ, бұл іске байыппен қарау керек. Осылай болған соң жиналысқа үлкен дайындықпен бармаса болмайды. — Сағат сегіз болды, — деді Собирахан.

Хамроев ойланып қалды: барса, сөйлеу керек, сөйлемесе — барудың не қажеті бар? — Жоқ, бұлай барудың пайдасы жоқ, Турандот, бұл жолы сен-ақ баршы. Мен келесі жолы жақсылап дайындалып барамын. — Қойсаңызшы! Өмірімде бармаған жеріме қалай барамын? Менің барғанымнан не пайда? — Пайдасы болмаса, зияны да жоқ қой!

Ерлі-зайыптылар пайда мен зиян туралы ерегісіп отырып, сағатты сегіз жарым қылды. Хамдам шықты. — Не істеп отырсыздар? Директор қатты тапсырған еді, «хабарламаны бермегенсің» деп мені ұрсатын болды. — Апаң бармайды, оның баруынан пайда жоқ, мен келесі жолы барамын. — Мектеп директоры сұраса, солай дейін бе? — Неге? Қап-қара болып, соған да сылтау таппайсың ба? «Әкем жұмыстан кеш келді, шешем науқастанып жатыр» де!

Хамдам әкесіне қараған күйі ұзақ тұрып қалды...

Абдулла Қаһар

21. (Білу – 8 балл) Мәтін мазмұнын толық қамтитын тақырыпты (тақырыптарды) анықта.

- A) «Тәрбиесіз тәрбиешілер»
- B) «Қырсық»
- C) «Жиналыста»
- D) «Зиянкес»
- E) «Мұғалімнің айыбы»

Жауабы:

--	--	--	--	--

22. (Қолдану – 9 балл) Мәтінде сипатталған образдар мен олардың іс-әрекеттеріне берілген дұрыс анықтаманы (анықтамаларды) анықта.

1. Хамроев – баласының тәрбиесіздігі үшін өзін емес, мұғалімдер мен мектепті кінәлайтын өзімшіл адам.
2. Собирахон – ұлына қатал, отбасында өз орны бар, беделі күйеуінен әлдеқайда жоғары тұратын әйел.
3. Хамдам – негізінде көше бұзақысы, өте тәрбиесіз бала, тәрбиесіздікті ол мектептен және айналасындағы достарынан үйренген.
4. Мектеп директоры – өз ісіне ұқыпты адам болса да, жұмсақ мінезі үшін ата-аналардың көбі оны менсінбейді.

Жауабы:

--	--	--	--

23. (Қолдану – 9 балл) Мәтіндегі оқиғалардың даму реттілігі дұрыс көрсетілген жауапты жаз.

1. Собирахон ұлының мінез-құлқы бұзылғаны туралы жұбайына шағымданады.
2. Хамроев ата-аналар жиналысына барып, мұғалімдерді ұятқа қалдырмақшы болады.
3. Хамдам жиналысқа барғысы келмеген ата-анасы тарапынан өтірік айтуға мәжбүрленеді.

4. Әкесі баласына ескерту жасап жатып, кенеттен бағаларына қызығушылық танытады және жиналысқа бармауға шешім қабылдайды.

Жауабы:

--	--	--	--

24. (Пайымдау – 14 балл, қысқа жауапты) Мәтінді оқи отырып, қандай тұжырым(дар) жасауға болады?

1-тұжырым: Мәтіннен бала тәрбиесіне көршілер де жауапты деген тұжырым жасауға болады.

2-тұжырым: Хамдамның анасына лақап ат қоюына айналасындағы достарының тәрбиесіздігі себеп болуы мүмкін.

3-тұжырым: Хамдамды жазаламас бұрын, ата-ананың өзі тәрбиеде үлгі болуы керек.

4-тұжырым: Әрбір ата-ана бала тәрбиесін өз жауапкершілігіне алуы тиіс.

Жауабы:

--	--	--	--

25. (Пайымдау – 16 балл, кеңейтілген жауап) Әңгімені мәтін мазмұнына сәйкес келетіндей етіп жалғастыр. Өз ойыңды 60–80 сөзбен жеткіз.

Жауабы: _____

